

Микрокредит беру туралы қосылу шарты

Осы Шарт Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 389-бабында, «Микроқаржылық қызмет туралы» Қазақстан Республикасының Заңында (бұдан әрі – Заң), Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінде (бұдан әрі – ҚР заңнамасы), сонымен қатар «КМФ (ҚМФ)» МҚҰ» АҚ (бұдан әрі – МҚҰ) ішкі құжаттарында көзделген тәртіпте жасалатын қосылу шарты болып табылады, оның талаптары Шартқа қосылу туралы өтініш (бұдан әрі - Өтініш) беріп, оған қол қойған жеке және заңды тұлғаларға микрокредит беру, сонымен қатар оған қызмет көрсету тәртібін және шарттарын реттейтін осы стандартты нысанмен (бұдан әрі – Шарт) анықталған.

Шарт МҚҰ құрылған күннен бастап бүкіл кезең бойы жарамды болады және микрокредит беру туралы барлық шарттардың қолданылу мерзімі ішінде олар жасалған сәттен бастап (оның ішінде Қарыз алушылар кез келген Өтінішке қол қойған күннен бастап) заңды күші болады.

Өтініш пен Шарт бір-бірінің ажырамас бөлігі болып табылады және «Микрокредит беру туралы шарт» деген бірыңғай ұғымды құрайды. МҚҰ-ның кез келген құжаттары мен шарттарында, сондай-ақ Кредит желісін беру (ашу) туралы келісімде қолданылатын «шарт» және/немесе «микрокредит беру туралы шарт» ұғымдары Өтініш пен Шарттың мазмұнына тең дәрежеде қатысты болады.

МҚҰ және Қарыз алушы бұдан әрі бірлесіп «Тараптар» деп, ал әрқайсысы жеке «Тарап» деп немесе жоғарыда көрсетілгендей аталады.

1-бап. Шарттың жалпы талаптары

1.1. МҚҰ Қарыз алушыға осы Шартта және Өтініште белгіленген тәртіпте микрокредит береді.

1.2. Қарыз алушы Өтінішке қол қою арқылы Шартқа қосылады.

1.3. Қарыз алушыға микрокредитті Кредит желісін беру (ашу) туралы келісімнің (бұдан әрі – Келісім) аясында берген жағдайда, осы Шарт пен Өтініш осындай Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылады және Келісімнің, Шарттың және Өтініштің барлық талаптары бірін-бірі толықтыратын құжаттар болады. Өтініш және Шарт Өтініш пен Шарттың үлгі нысандарын бекіткен күнге дейін жасалған кредит желісін беру (ашу) туралы келісімдердің аясында жасалуы мүмкін.

1.4. Қарыз алушы қызметкерлерінің әрекеті Қарыз алушының әрекеті болып саналады. Қарыз алушы аталған әрекеттер міндеттемелерді орындамауға және /немесе тиісті түрде орындамауға алып келген жағдайда, осы әрекеттер үшін жауап береді (*осы тармақ заңды тұлғаларға берілетін қаржылық өнімдер үшін әрекет етеді*).

2-бап. Микрокредит беру және өтеу тәртібі

2.1. МҚҰ Қарыз алушыға ақылылық, мерзімділік және қайтарымдылық шарттарымен микрокредит береді.

2.2. Шартқа қосып берілген өтеу кестесінде көрсетілген микрокредит беру күні микрокредиттің берілу күні болып табылады.

2.3. Қарыз алушы Шартқа қоса берілетін өтеу кестесіне сәйкес микрокредитті қайтарады және микрокредитті пайдаланғаны үшін сыйақы төлейді. Қарыз алушының ақшалай міндеттемелері сомасының (мөлшерінің) және (немесе) оларды төлеу мерзімінің өзгеруіне әкеп соғатын микрокредит шарттары өзгерген кезде, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қосымша келісімге және/немесе кестеге қол қою талап етілмейтін жағдайларды қоспағанда, МҚҰ жаңа шарттарды ескере отырып, микрокредитті өтеудің жаңа кестесін жасайды және Қарыз алушыға береді.

2.4. Микрокредитті пайдаланғаны үшін жылдық сыйақы мөлшерлемесі микрокредитті нақты пайдалану мерзімі ішінде микрокредит бойынша негізгі борышқа есептеледі.

2.5. Жылдық сыйақы мөлшерлемесі 360 күнге тең, ал ай - 30 күнге тең күнтізбелік жыл базасында есептеледі. Сыйақы есептеу үшін мерзімді есептеу Қарыз алушыға микрокредит берілген күннен кейінгі күннен басталады.

2.6. Шартқа қоса берілетін микрокредитті өтеу кестесі Қарыз алушының төлем қабілеттілігін қаржылық талдау негізінде жасалады. Қарыз алушының бизнесіне маусымдық сипат тән болса, жеңілдікті кезең белгілеу мүмкіндігі қарастырылуы мүмкін, бұл ретте Қарыз алушы ай сайын

микрокредит бойынша сыйақыны ғана өтейді, ал негізгі борышты жеңілдікті кезең аяқталғаннан кейін микрокредит мерзімі ішінде кем дегенде 2 (екі) төлеммен өтейді.

2.7. Қарыз алушы Қарыз алушының өзі де, оның үлестес тұлғалары да, Қарыз алушының атынан әрекет ететін қандай да бір басқа тұлға да есірткі саудасын, сыбайлас жемқорлықты, ұйымдасқан қылмыстық қызметті, заңсыз жолмен алынған ақшаны заңдастыруды және терроризмді қаржыландыруды қоса алғанда, бірақ олармен шектелмей, заңсыз қызметпен айналыспайтынын және келешекте айналыспайтынын Шартқа қол қойылған күні растайды, сондай-ақ оның бүкіл қолданыс мерзімінде кепілдендіреді.

2.8. Қарыз алушыға МҚҰ қызметкерлеріне микрокредит немесе оның бір бөлігін беруге, сондай-ақ микрокредитті Шартта көзделмеген басқа мақсаттарға пайдалануға **қатаң тыйым салынады**.

2.9. МҚҰ Қарыз алушының тұрғылықты жеріне және/немесе кәсіпкерлік қызметін жүзеге асыру орнына бару, тексеру, сондай-ақ, Қарыз алушының микрокредитті нысаналы мақсаты бойынша пайдаланылуын растайтын кез келген құжаттық мәліметтерді тексеру арқылы микрокредиттің мақсатты пайдаланылуын тексереді және бақылайды.

2.10. Қарыз алушы онымен жасалған Кредит желісін ашу туралы келісімнің аясында әрбір (кезекті) траншты беру МҚҰ міндеті емес, құқығы екенін растайды және келіседі. Бұл МҚҰ әрбір траншты беру туралы мәселені жеке және алдыңғы транштар бойынша қабылданған шешімдерге тәуелсіз қарайтынын және МҚҰ өз қарауы бойынша, соның ішінде Қарыз алушының МҚҰ алдында алдыңғы транштар бойынша өтелмеген берешегі болған жағдайда Кредит желісін ашу туралы келісімнің аясында Қарыз алушыға кезекті траншты беруден бас тартуға құқылы екенін білдіреді.

2.11. Қарыз алушы микрокредитті мерзімінен бұрын ішінара өтеу микрокредит бойынша кемінде 2 (екі) төлем мөлшерінде ішінара өтеу сомасы енгізілген жағдайда ғана жүзеге асатынын растайды және келіседі.

3-бап. Қарыз алушының құқықтары мен міндеттері

3.1. Қарыз алушының құқықтары:

3.1.1. Микрокредит беру қағидаларымен, микрокредит беру бойынша МҚҰ тарифтерімен танысу;

3.1.2. Шартта белгіленген тәртіппен және шарттарда алынған микрокредитке өкімдік ету;

3.1.3. егер негізгі борышты және (немесе) сыйақыны өтеу күні демалыс не мереке күніне түссе, негізгі борышты және (немесе) сыйақыны одан кейінгі бірінші жұмыс күні тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімақы) төлемей төлеу;

3.1.4. жеке тұлға-қарыз алушы ұйымның шарты бойынша міндеттемелерді орындау мерзімі өте бастаған күннен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде микроқаржы ұйымына баруға және (немесе) жазбаша нысанда, сонымен қатар «Төлемдер және төлем жүйелері туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген сәйкестендіру құралдарын қолдану арқылы микроқаржы ұйымына қарыз алушыны сәйкестендіруді жүзеге асыруға мүмкіндік беретін ақпараттандыру объектілері (бұдан әрі – ақпараттандыру объектілері) арқылы не болмаса Шартта көзделген тәсілмен шарт бойынша міндеттемелерді орындау мерзімінің өту себептері, кірістері және оның шарттың талаптарына өзгерістер енгізу туралы өтінішіне негіз болатын басқа да расталған мән-жайлар (фактілер) туралы мәліметтерді қамтитын өтініш ұсынуға құқылы, оның ішінде мыналармен байланысты:

1) сыйақы мөлшерлемесін не Шарт бойынша сыйақы мәнін азайту жағына қарай өзгерту;

2) негізгі борыш және (немесе) сыйақы бойынша төлемді кейінге қалдыру;

3) берешекті өтеу әдісін немесе берешекті өтеу кезектілігін, оның ішінде негізгі борышты басым тәртіппен өтей отырып өзгерту;

4) микрокредит мерзімін өзгерту;

5) мерзімі өткен негізгі борышты және (немесе) сыйақыны кешіру, микрокредит бойынша тұрақсыздық айыбының (айыппұлдың, өсімақының) күшін жою;

6) Тараптардың келісінде белгіленген мерзімдерде ипотека мәні болып табылатын жылжымайтын мүлікті кепіл берушінің дербес сатуы;

7) МҚҰ-ға кепілге салынған мүлікті беру жолымен Шарт бойынша міндеттемені орындаудың орнына бас тарту ұсыну;

8) сатып алушыға Шарт бойынша міндеттемені бере отырып, ипотеканың мәні болып табылатын жылжымайтын мүлікті өткізу.

3.1.5. Қарыз алушы – жеке тұлға:

- шарттың талаптарына ұсынылған өзгерістерге келісімі туралы;

- шарттың талаптарын өзгерту бойынша өзінің ұсынысы туралы;
- осындай бас тарту себептерінің дәлелді негіздемесін көрсете отырып, шарт талаптарын өзгертуден бас тарту туралы МҚҰ-ның шешімін алған күннен бастап күнтізбелік он бес күннің ішінде немесе Заңның 9-2 бабы 3-тармағының үшінші бөлігінде көзделген мерзімде шарттың талаптарын өзгерту туралы өзара тиімді шешімге қол жеткізілмеген жағдайда, бірмезгілде ұйымға хабарлай отырып, микроқаржылық омбудсманға жүгінуге құқылы;

3.1.6. Шартта белгіленген тәртіпте тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімақы) төлемей, Шарт бойынша берілген микрокредит сомасын МҚҰ мерзімінен бұрын толық немесе ішінара қайтару;

3.1.7. Қарыз алушы-жеке тұлға Шарт бойынша құқықты (талап ету) МҚҰ берген жағдайда, «Микроқаржылық қызмет туралы» Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 26 қарашадағы № 56-V Заңы 9-1 бабы 4 және 5 тармақтарында (бұдан әрі – «Заң») көрсетілген тұлғамен келіспеушіліктерді реттеу үшін банк омбудсменіне жүгінуге құқылы;

3.1.8. алынған қызметтер бойынша шағымдар, ұсыныстар немесе даулы жағдайлар туындаған жағдайда, қол жетімді кері байланыс арналары, соның ішінде МҚҰ-ның әрбір құрылымдық бөлімшесінде орналасқан сенім жәшігі арқылы МҚҰ-ға жазбаша және/немесе құрылымдық бөлімше басшысына және/немесе сенім телефоны арқылы ауызша хабарласу. Кері байланыс арналары жайлы ақпарат МҚҰ әрбір кеңсесінде және интернет-сайтында көрсетілген.

3.1.9. Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленген тәртіпте өзінің құқықтарын қорғау;

3.1.10. Қазақстан Республикасының заңнамасымен және Шартпен белгіленген басқа құқықтарды жүзеге асыру.

3.2. Қарыз алушының міндеттері:

3.2.1. Шартта белгіленген мерзімде және тәртіппен алған микрокредитті қайтару және ол бойынша сыйақыны төлеу;

3.2.2. МҚҰ Заңға және Микрокредит беру қағидаларына сәйкес сұратқан құжаттарды және мәліметтерді беру;

3.2.3. алған микрокредитті тек нысаналы мақсаты бойынша пайдалану. Микрокредитті нысаналы мақсаты бойынша пайдаланбаған жағдайда Қарыз алушы МҚҰ-ға микрокредитті мерзімінен бұрын қайтаруға, микрокредитті қайтару күнінде есептелген сыйақыны, сондай-ақ Шартта белгіленген тұрақсыздық айыбын төлеуге міндетті;

3.2.4. берілген микрокредитті пайдалануға байланысты барлық құжаттаманы, өзінің қаржылық (мүліктік) жағдайы туралы мәліметтерді МҚҰ-ның бірінші талап етуі бойынша ұсыну және МҚҰ-ның Қарыз алушыны тексеру бойынша өз өкілеттіктерін жүзеге асыруына бөгет жасамау;

3.2.5. МҚҰ-ның микрокредиттің нысаналы мақсаты бойынша пайдаланылуын, сондай-ақ Қарыз алушының қаржылық жағдайын тексеруді және тұрақты бақылауды жүзеге асыру мүмкіндігін қамтамасыз ету;

3.2.6. МҚҰ-ның алдын ала жазбаша келісімінсіз осы Шарт бойынша өз құқықтары мен міндеттемелерін үшінші тарапқа бермеу;

3.2.7. микрокредитті және сыйақыны қайтару мерзімін кешіктірген жағдайда Шарт бойынша берешектің сомасын толық өтеу, Шартпен көзделген басқа да төлемдерді төлеу;

3.2.8. жоғалған немесе зақымдалған кепіл мүлкін жоғалған және/немесе зақымдалған сәтінен бастап күнтізбелік 10 (он) күннен кешіктірмей тең бағалы басқа мүлікпен алмастыру және/немесе осы мерзім аралығында қажет болса қосымша қамсыздандыруды ұсыну; (*Шарт жасаған кезде кепілді қамтамасыз етуді берген жағдайда*);

3.2.9. Кепілгер қайтыс болған/таратылған немесе оның қаржылық жағдайы нашарлаған жағдайда, жаңа кепілгерді ұсыну немесе басқаша қамтамасыз ету (*Шарт жасаған кезде үшінші тұлғалардың кепілдігін берген жағдайда*);

3.2.10. МҚҰ-ға Шартқа берілген өтеу кестесін бұзуға әкелуі мүмкін барлық жағдайлар, соның ішінде: үшінші тұлғалардың Қарыз алушының, кепілгердің, кепіл берушінің мүлкіне және/немесе олардың банктік шоттарындағы ақшасына шектеу қоюы туралы, Қарыз алушыға үшінші тұлғалардың жолдаған шағымдарын мен арыз талаптарын алған кезде 5 (бес) жұмыс күні ішінде хабарлау;

3.2.11. МҚҰ-ға кепілге берілген мүлікке құқықты белгілейтін және/немесе құқықты куәландыратын Қарыз алушының, кепілгердің, кепілге берушінің құжаттарына немесе жеке басын куәландыратын құжаттарына өзгертулердің және/немесе толықтырулардың енгізілгені туралы МҚҰ-ға жазбаша түрде хабарлау;

3.2.12. Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын, өтеу кестесінде белгіленген сомалар мен

мерзімдерге сәйкес, МҚҰ-ның Шарт бойынша берешегін өтеумен байланысты барлық төлемдерін жүзеге асыру;

3.2.13. Шаруашылық қызметті жүзеге асыру кезінде экологиялық талаптарды, денсаулық сақтау және қауіпсіздік нормаларын сақтау; табиғатты қорғау практикасын жақсарту, экологиялық тәуекелдерді төмендету;

3.2.14. үшінші тұлғалардан ақша және/немесе мүлік түрінде қарыз/кредит алардың алдында бұл туралы МҚҰ-ға жазбаша түрде хабарлау;

3.2.15. МҚҰ қызметкерлерімен тауар-ақша қатынастарына түспеу және олармен кез келген азаматтық-құқықтық мәмілелерді жасамау, соның ішінде ақшаны қарызға алмау және қарызға бермеу, сондай-ақ Шарт бойынша микрокредитті немесе басқа төлемдерді төлеу үшін оларға ақша бермеу;

3.2.16. микрокредит беру туралы шарттың және оған қосымша келісімдердің даналарын қоса қарыз алушыға, кепілдік шартының және оған қосымша келісімдердің даналарын кепілгерге, кепіл шартының және қосымша келісімдердің даналарын кепіл берушіге беру.

3.2.17. МҚҰ-ға тұрғылықты жерінің немесе тіркелген мекенжайының, ұялы телефон нөмірінің (-лерінің), жеке басты куәландыратын құжат деректемелерінің, жұмыс орнының немесе бизнес мекенжайының кез келген өзгерісі, банктік деректемелердің және МҚҰ-ға берілген басқа да деректердің өзгеруі туралы ондай өзгерістер орын алған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде жазбаша хабардар ету. Қарыз алушы бұл міндеттемені орындамаған жағдайда:

1) МҚҰ Шартты орындауға, өзгертуге немесе тоқтатуға, сонымен қатар берешекті соттан тыс және (немесе) сот тәртібінде өндіріп алуға байланысты немесе қажетті МҚҰ хабарландыру/хабар беру бойынша міндеттемелерінің барлығын қосқанда, Шартта көрсетілген немесе бұған дейін Қарыз алушы ұсынған деректерді шынайы және өзекті деп есептеуге құқылы;

2) осы Шартқа қол қою және (немесе) үшінші тұлғалардың микрокредит, Шарт немесе Қарыз алушы туралы ақпаратты алуы және пайдалануы кезінде берілген/туындаған/пайдаланылған Қарыз алушының байланыс және дербес деректерін, сонымен қатар электрондық сәйкестендіру құралдарын, соның ішінде логиндерді, құпиясөздерді, ЭЦҚ және биометриялық деректерін үшінші тұлғалардың заңсыз пайдаланғаны үшін МҚҰ жауапкершілік көтермейді және Қарыз алушы осы әрекеттердің жағымсыз салдары үшін өзі жауапкершілік көтереді.

3.2.18. МҚҰ-ға клиентті (оның өкілін) сәйкестендіру, бенефициарлық меншік иесін анықтау, сонымен қатар салық резиденттілігі, қызмет түрі және жасалатын операцияларды қаржыландыру көзі туралы қажетті мәліметтерді және құжаттарды ұсыну;

3.2.19. құрылтай құжаттарына өзгерістер/толықтырулар енгізілгенде, бенефициарлық меншік иелері өзгергенде, орналасқан жері немесе электрондық мекенжайы, телефон, факс нөмірлері, клиенттің уәкілетті тұлғаларының телефон нөмірлері өзгергенде, сонымен қатар Шарт талаптарын орындау үшін маңызы бар басқа да өзгерістер кезінде Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына және МҚҰ ішкі құжаттарына сәйкес рәсімделген осы өзгерістерді растайтын құжаттарды ұсына отырып, ондай өзгерістер орын алған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде МҚҰ-ны хабардар ету;

3.2.20. жылына кем дегенде бір рет не болмаса өзгерістер енгізілген жағдайда бенефициарлық меншік иелері туралы мәліметтерді ұсыну;

3.2.21. <https://kmf.kz/> мекенжайы бойынша МҚҰ веб-сайтында тарифтердің өзгеруі, Шарт талаптарының өзгеруі және толықтырылуы туралы өз бетінше білу;

3.2.22. Қазақстан Республикасының заңнамасында және МҚҰ-мен жасалған шарттарда белгіленген өзге де талаптарды орындау.

4-бап. МҚҰ құқықтары:

МҚҰ құқықтары:

4.1. Шарттың талаптарын Қарыз алушы үшін жақсарту жағына қарай біржақты тәртіпте өзгерту;

4.2. Қарыз алушы микрокредиттің кезекті бөлігін қайтару және (немесе) сыйақы төлеу үшін белгіленген мерзімді күнтізбелік қырық күннен астам уақыт бұзған кезде микрокредит сомасын және ол бойынша сыйақыны мерзімінен бұрын қайтаруды талап ету;

4.3. Қарыз алушының қаржылық-шаруашылық жағдайын және микрокредиттің мақсатқа сай пайдаланылуын тексеру;

4.4. Қарыз алушыдан Қарыз алушының қаржылық жағдайы туралы барлық қажетті ақпаратты және Шартты жасау мен міндеттемелерді орындау үшін қажетті мәліметтерді сұрату және алу;

4.5. Қарыз алушының өтініші бойынша тауарларға, жұмыстарға немесе қызметтерге төлеу мақсатында екінші деңгейлі банктер арқылы микрокредитті үшінші тұлғаға аудару;

4.6. Қарыз алушының келісімінсіз Шарт бойынша құқықтарды (талаптарды) Заңда анықталған тұлғаларға беру;

4.7. Қарыз алушы Шарт бойынша міндеттемелерін орындау мерзімін кешіктірген жағдайда, сотқа дейін өндіріп алу және реттеу үшін берешекті коллекторлық агенттікке беру;

4.8. **Қарыз алушыдан Шартта белгіленген міндеттерді орындауды талап ету;**

4.9. Қарыз алушының келісімін алмастан, нотариустың атқару жазбасының негізінде **негізгі борышты, сыйақыны және тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімақыны) қоса алғанда, берешекті өндіріп алу:**

1) Қарыз алушы-занды тұлға берешекті мерзімінен бұрын өтеу туралы талапты 5 (бес) жұмыс күні ішінде орындамаса;

2) Қарыз алушы-жеке тұлғаның өтінішін қарау нәтижелері бойынша берешекті реттеу жөнінде келісімге қол жеткізілмеген және Қарыз алушы-жеке тұлға берешек бойынша қарсылықтар бермеген жағдайда.

4.10. Қазақстан Республикасының заңнамасында, Шартта белгіленген өзге де құқықтарды жүзеге асыру.

5. -бап. МҚҰ міндеттері

МҚҰ міндеттері:

5.1. ұйымның шарт бойынша құқығының (талабының) үшінші тұлғаға өту талаптарын қамтитын шарт (бұдан әрі – талап ету құқығын басқаға беру шарты) жасасу кезінде Шартта көзделген немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін тәсілмен қарыз алушыны (немесе оның уәкілетті өкілін) мыналар жөнінде хабардар ету:

- талап ету құқығын басқаға беру шарты жасалғанға дейін кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға байланысты емес шарт бойынша қарыз алушы – жеке тұлғаны көрсетілген шарт бойынша кредитордың құқықтарын (талаптарын) үшінші тұлғаға берудің жоспарланып отырғаны туралы, сондай-ақ осындай басқаға беруге байланысты қарыз алушының дербес деректерін өңдеу (беру) туралы шартта көзделген тәсілмен, сондай-ақ ақпараттандыру объектілері арқылы хабардар ету;

- Шартта көзделген тәсілмен, сондай-ақ ақпараттандыру объектілері арқылы шарт бойынша құқықтардың (талаптардың) үшінші тұлғаға шарт бойынша одан әрі төлемдерді (шарт бойынша құқықтар (талаптар) берілген тұлғаның не шарт бойынша құқықтар (талаптар) сенімгерлік басқаруға берілген жағдайда – сервистік компанияның атауын, орналасқан жерін және банктік деректемелерін) жүзеге асыру қажеттілігін, шарт бойынша берілген құқықтардың (талаптардың) көлемін, шарт бойынша берешектің мөлшері мен құрылымын (негізгі борышты, сыйақыны, комиссияларды, айыпақыны (айыппұлды, өсімпұлды) және төленуге жататын басқа да сомаларды көрсете отырып, шарт жасалған күннен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде талап ету құқықтарының (талаптарының) өтуі туралы;

Қарыз алушыны борышкерлермен байланысу үшін коллекторлық агенттіктің атауын, орналасқан жерін, коллекторлық агенттіктің телефон нөмірлерін көрсете отырып, шартта көзделген тәсілмен, сондай-ақ ақпараттандыру объектілері арқылы берешекті сотқа дейінгі өндіріп алуға және реттеуге берген күні хабардар ету.

5.2. Қарыз алушыны Шартта көзделген тәсілмен және мерзімде, сондай-ақ ақпараттандыру объектілері арқылы, бірақ:

1) Шарт бойынша міндеттемені орындау бойынша мерзімін өткізіп алудың туындауы және хабарламада көрсетілген күнге мерзімі өткен берешектің мөлшерін көрсете отырып, төлемдер енгізу қажеттілігі туралы;

2) қарыз алушы-жеке тұлғаның Шарт бойынша Заңның 9-2 бабының 2-тармағында көзделген өтінішпен ұйымға жүгіну құқығы туралы;

3) қарыз алушының Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамауының салдары туралы мерзімі өткен күннен бастап күнтізбелік он күннен кешіктірмей хабардар ету.

Микроқаржы ұйымы қарыз алушыны хабардар ету үшін коллекторлық агенттікті тартуға құқылы.

Хабарлама, егер ол борышкерге Шартта көзделген мына тәсілдердің бірімен:

- Шартта көрсетілген электрондық пошта мекенжайына;

- Шартта көрсетілген тұрғылықты жері бойынша тапсырылғаны туралы хабарламасы бар тапсырыс хатпен, оның ішінде көрсетілген мекенжай бойынша тұратын отбасының кәмелетке толған мүшелерінің бірі алған жағдайда;
- жеткізуді тіркеуді қамтамасыз ететін өзге де байланыс құралдарын пайдалана отырып жіберілген болса, оның жеткізілген болып есептелетіні туралы талап қамтылады.

5.3. Қарыз алушы-жеке тұлғаның өтінішін алған күннен кейін күнтізбелік он бес күн ішінде шарттың талаптарына ұсынылған өзгерістерді қарау және жазбаша нысанда, сондай-ақ ақпараттандыру объектілері арқылы не Шартта көзделген тәсілмен қарыз алушы – жеке тұлғаға мынадай шешімдердің бірі туралы хабарлау:

- 1) Шарт талаптарына ұсынылған өзгерістермен келісу туралы;
- 2) Шарт талаптарын өзгерту бойынша өзінің ұсынысы туралы;
- 3) осындай бас тарту себептерінің дәлелді негіздемесін көрсете отырып, шарт талаптарын өзгертуден бас тарту туралы.

5.3.1. Қарыз алушы-жеке тұлғаның Шарт талаптарына өзгерістер енгізу туралы өтінішін қарау кезеңінде МҚҰ микрокредитті мерзімінен бұрын өтеуді талап етуге құқылы емес.

5.3.2. 5.3-тармақтың 2) тармақшасында көзделген МҚҰ шешімін алған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде МҚҰ мен қарыз алушы-жеке тұлға арасында өзара қолайлы шешімге қол жеткізбеу Шарт талаптарын өзгертуден бас тарту болып саналады. Бұл мерзім екі тараптың келісімі болған жағдайда ұзартылуы мүмкін.

5.4. Ұйым шартта көзделген тәртіппен жақсартатын талаптарды қолданған жағдайда, Шарт талаптарының өзгергені туралы қарыз алушыны хабардар ету;

5.5. Шартқа тараптар қол қойған микрокредитті өтеу кестесін қосып беру. Қарыз алушының ақшалай міндеттемелері сомасының (мөлшерінің) және (немесе) оларды төлеу мерзімінің өзгеруіне әкеп соғатын микрокредит шарттары өзгерген кезде ұйым жаңа шарттарды ескере отырып, микрокредит өтеудің жаңа кестесін жасайды және қарыз алушыға береді.

5.6. Орналасқан жері өзгерген не атауы өзгерген жағдайда бұл туралы уәкілетті органды, сондай-ақ қарыз алушыларды (өтінім берушілерді) микроқаржы ұйымының орналасқан жері бойынша, сондай-ақ қарыз алушы (өтінім беруші) - жеке тұлғаның заңды мекенжайы бойынша және қарыз алушы (өтінім беруші) - заңды тұлғаның орналасқан жері бойынша екі баспа басылымында қазақ және орыс тілдерінде тиісті ақпаратты жариялау арқылы немесе әрбір қарыз алушыға (өтінім берушіге) осындай өзгерістер болған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күннен кешіктірмей жазбаша хабарлау;

5.7. Микрокредит беру қағидаларының көшірмесін Қарыз алушының (өтінім берушінің) шолуы және танысуы үшін қолжетімді жерде, оның ішінде болған жағдайда МҚҰ-ның интернет-ресурсында орналастыру;

5.8. Өтінім берушіге микрокредит алуға, қызмет көрсетуге және өтеуге (қайтаруға) байланысты төлемдер туралы толық және дұрыс ақпарат беру;

5.9. Қарыз алушыны микрокредит алуға байланысты оның құқықтары мен міндеттері туралы хабардар ету;

5.10. Қаржы мониторингі жөніндегі уәкілетті органға «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес мәліметтерді хабарлау;

5.11. уәкілетті органның нормативтік-құқықтық актісімен белгіленген микроқаржы ұйымы қарыз алушысының борыштық жүктемесі коэффициентінің шектік мәнін және есептеу тәртібін сақтау;

5.12. «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген жағдайларда микрокредит беруден бас тарту;

5.13. Кредиттік бюродан алынған кредиттік есептегі Қарыз алушы туралы ақпараттың конфиденциалдығын бұзбау;

5.14. Қазақстан Республикасының заңнамасында және Шартта белгіленген өзге де талаптарды сақтау.

6. -бап. МҚҰ үшін шектеулер

МҚҰ:

6.1. микрокредит өтеу тәсілін және әдісін және (немесе) сыйақы мөлшерлемесін (оларды

төмендету жағдайларын қоспағанда) біржақты тәртіпте өзгертуге;

6.2. микрокредит бойынша сыйақыны және тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімақыны) қоспағанда, қарыз алушыдан кез келген төлемдер белгілеуге және алуға;

6.3. МҚҰ-ға микрокредит сомасын мерзімінен бұрын толық немесе ішінара қайтарған жеке тұлға болып табылатын қарыз алушыдан микрокредитті мерзімінен бұрын қайтарғаны үшін тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімақы) және басқа төлемдерді талап етуге;

6.4. кепілге салынған заттарды пайдалануға және өкімдік етуге;

6.5. біржақты тәртіпте Шарт бойынша микрокредит сомасын ұлғайтуға;

6.6. егер негізгі борышты және (немесе) сыйақыны өтеу күні демалыс не мереке күніне түссе және сыйақыны және (немесе) негізгі борышты төлеу одан кейінгі жұмыс күні жүргізілген болса, тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімақы) өндіріп алуға;

6.7. Берешек коллекторлық агенттіктің сотқа дейінгі өндіріп алуында және реттеуінде болған кезеңде:

- берешекті өндіріп алу туралы талап-арызбен сотқа жүгінуге;
- көрсетілген кезеңде есептелген сыйақының төленуін талап етуге, сонымен қатар
- аталмыш кезеңде негізгі борышты және сыйақыны уақытылы өтемегені үшін тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімақы) есептеуге;

6.8. Негізгі борыш сомасы тіркеуге жататын мүліктің кепілімен және (немесе) оны жасасу күніне ақша кепілімен толық қамтамасыз етілген шартты қоспағанда, кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға байланысты емес қарыз алушы – жеке тұлғаның микрокредиті бойынша негізгі борыш және (немесе) сыйақы сомалары бойынша кез келген төлемді өтеу жөніндегі міндеттемені орындаудың мерзімін өткізіп алудың қатарынан күнтізбелік тоқсан күні өткеннен кейін сыйақы төлемін, тұрақсыздық айыбын (айыппұлдарды, өсімақыларды) төлеуді талап етуге.

Осы тармақшаның талабы, егер шартты жасаған күні негізгі борыш сомасы тіркеуге жататын мүліктің кепілімен және (немесе) ақша кепілімен толық қамтамасыз етілген жағдайда, микрокредит беру туралы шартқа қолданылмайды.

6.9. қарыз алушы-жеке тұлғаның кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға байланысты емес жылжымайтын мүлік ипотекасымен қамтамасыз етілген микрокредиті бойынша негізгі борыштың және (немесе) сыйақының сомалары бойынша төлемдердің кез келгенін өтеу жөніндегі міндеттемені орындаудың мерзімін өткізіп алудың қатарынан күнтізбелік 180 (бір жүз сексен) күн өткеннен кейін есептелген сыйақыны, сондай-ақ тұрақсыздық айыбын (айыппұлдарды, өсімақыларды) төлеуді талап етуге;

6.10. теңгемен берілген Шарт бойынша міндеттемелер мен төлемдерді кез келген валюталық баламаға байланыстыра отырып индекстеуді жүзеге асыруға.

6.11. банктік қарыз және (немесе) микрокредит бойынша күнтізбелік тоқсан күннен артық мерзімі өткен берешегі бар жеке тұлғаға кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға байланысты емес микрокредит беруге. Осы тармақшада белгіленген талап кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға байланысты емес, сыйақының мөлшерлемесін және (немесе) мерзімдік төлемдердің мөлшерін азайту жағына қарай өзгертуді және (немесе) тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімақыны) азайту немесе толық жою жағына қарай өзгертуді көздейтін жақсарту талаптарында жеке тұлғаның банктік қарызын және (немесе) микрокредитін өтеу мақсатында берілетін микрокредиттерге, сондай-ақ міндетті тіркеуге жатпайтын, жылжымалы мүлік кепілімен ломбардтар беретін микрокредиттерге тарамайды;

6.12. қарыз алушыдан шарт бойынша борыш сомасын өндіріп алу үшін жеке сот орындаушыларымен ынтымақтастықты көздейтін шарттар жасау, сондай-ақ «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 12-1 бабы 2-тармағына және (немесе) «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы заңының 64-бабы 1-тармағына сәйкес микроқаржы ұйымының үлестес тұлғасы болып табылатын жеке сот орындаушысымен атқарушылық құжатты орындау талаптары туралы келісім (шарт) жасауға.

6.13. жеке тұлғамен оның келісімінсіз және талаптарын сақтауды не жақсартуды қамтамасыз етпейтін талаптарда жасалған Шарттың қолданыс мерзімін ұлғайтуға;

6.14. Шарт бойынша берешекті өндіріп алу үшін атқарушылық жазба жасау туралы өтінішті борышкердің шартта көрсетілген мекенжайы бойынша нотариус қызмет ететін аумаққа сәйкес емес нотариусқа, сондай-ақ «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 12-1-бабының 2-тармағына және (немесе) «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 64-бабының 1-тармағына сәйкес микроқаржы ұйымының үлестес тұлғасы болып табылатын нотариусқа беруге **құқылы емес.**

7. -бап. Шарттың талаптарына өзгерістер енгізу тәртібі

7.1. Шарттың тараптары оған қосымша келісім жасау жолымен шарттың талаптарына өзгерістер мен толықтырулар енгізуге құқылы, олар осы Шарттағы Тараптардың қатынастарына ғана қолданылатын болады.

7.2. Микроқаржы ұйымы Қарыз алушы үшін жақсартылған жағдайда біржақты тәртіпте Шарттың талаптарын өзгертуге құқылы.

Қарыз алушы үшін Шарттың талаптарын жақсарту ретінде мыналар түсініледі:

- тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімақы) азаю жағына қарай өзгерту немесе толық күшін жою;

- Шарт бойынша сыйақы мөлшерлемесін азаю жағына қарай өзгерту.

МҚҰ жақсартатын шарттарды қолданған жағдайда Қарыз алушы Шартта көзделген тәртіпте Шарт талаптарының өзгеруі туралы хабардар етіледі.

8. -бап. Берешекті реттеу шарттары және тәртібі және төлемге қабілетсіз қарыз алушыға қатысты қолданылатын шаралар

8.1. Микрокредит беру туралы шарт бойынша міндеттемені орындау мерзімін өткізіп алған жағдайда, бірақ ол басталған күннен бастап күнтізбелік жиырма күннен кешіктірмей МҚҰ Қарыз алушыны Шартта көзделген тәсілмен және мерзімдерде төмендегілер туралы хабардар етуге міндетті:

1) Шарт бойынша міндеттемені орындау мерзімінің өткендігі және хабарламада көрсетілген күндегі мерзімі өткен берешек мөлшерін көрсетіп, төлемдерді енгізу қажеттілігі;

2) Қарыз алушы-жеке тұлғаның МҚҰ-ға жүгіну құқығы;

3) Қарыз алушының Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамау салдары. МҚҰ қарыз алушыны хабардар ету үшін коллекторлық агенттікті тартуға құқылы.

8.2. Қарыз алушы Шарт бойынша міндеттемелерін орындамаған немесе тиісті түрде орындамаған кезде МҚҰ қабылдайтын шаралар, сондай-ақ мерзімі өткен берешегі бар қарыз алушымен және (немесе) оның өкілімен және (немесе) Шарттың шеңберінде МҚҰ-мен міндеттемелермен байланысты үшінші тұлғамен мыналарды көздейтін өзара іс-қимыл талаптары:

- телефон арқылы, оның ішінде МҚҰ бастамасы бойынша интернет желісінде қоңырау шалу үшін қосымшаларды пайдалана отырып, жұмыс күні сағат 9.00-ден 21.00-ге дейінгі кезеңде бір реттен асырмай өзара іс-қимыл жасау;

- әрбір өзара іс-қимыл кезінде хабарламада мыналар болады:

- МҚҰ атауы;

- МҚҰ орналасқан жері;

- өзара іс-қимылды жүзеге асыратын адамның аты-жөні, әкесінің аты (бар болса), лауазымы;

- Шартта көзделген негізгі борыш, сыйақы, комиссиялар, тұрақсыздық айыбы (айыппұл, өсімақы) берешегінің, мерзімі өткен және ағымдағы сомалары қалдығының құрылымы;

- қарыз алушының Шартта, Заңда көзделген жауапкершілігі және өзге де міндеттемелері, сондай-ақ Шартта көзделген міндеттемелерді орындамау немесе тиісінше орындамау салдары туралы.

8.2.1. Көрсетілген шаралардың шеңберінде қарыз алушымен аталған өзара іс-қимыл кезінде мыналарға шектеулер қойылады:

- осы Шарттың 8.2-тармағының екінші және үшінші абзацтарында көзделмеген тәсілдермен және кезеңде өзара іс-қимылды жүзеге асыру;

- осы Шарттың 8.2-тармағының екінші және үшінші абзацтарында көзделген тәсілдермен және кезеңде мерзімі өткен берешекті реттеу және (немесе) өтеу үшін қарыз алушының орналасқан жері және (немесе) байланыс деректері анықталған жағдайларды қоспағанда, сондай-ақ МҚҰ атауын, оның орналасқан жерін, өзара іс-қимылды жүзеге асыратын тұлғаның аты-жөнін, әкесінің атын (бар болса), лауазымын хабарлаумен Шарт шеңберінде МҚҰ-мен міндеттемелермен байланысты емес үшінші тұлғамен өзара іс-қимыл;

- мерзімі өткен берешегі бар қарыз алушыға және (немесе) оның өкіліне және (немесе) үшінші тұлғаға МҚҰ қызметкерінің тегін және (немесе) атын және (немесе) әкесінің атын (бар болса) қате айту, сондай-ақ жұмыс орны және (немесе) лауазымы туралы шындыққа сәйкес келмейтін мәліметтерді хабарлау;

- мерзімі өткен берешегі бар қарыз алушыны және (немесе) оның өкілін және (немесе) Шарт шеңберінде ұйыммен міндеттемелер арқылы байланысты үшінші тұлғаны берешектің мөлшеріне, сипатына және туындау негіздеріне қатысты жаңылыстыру;

- өзара іс-қимыл жүзеге асырылатын адамның ар-намысына, қадір-қасиетіне және іскерлік беделіне нұқсан келтіретін мәліметтерді тарату не осы адамның мүдделеріне мүлкітік зиян келтіруі мүмкін мәліметтерді жария ету.

8.3. Қарыз алушы-жеке тұлға Шарт бойынша міндеттемелерді орындау мерзімі өте бастаған күннен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде микроқаржы ұйымына баруға және (немесе) жазбаша нысанда не осы Шартта көзделген тәсілмен Шарт бойынша міндеттемелерді орындау мерзімінің өту себептері, кірістері және оның Шарттың талаптарына өзгерістер енгізу туралы өтінішіне негіз болатын басқа да расталған мән-жайлар (фактілер) туралы мәліметтерді қамтитын өтінішті ұсынуға құқылы, оның ішінде мыналармен байланысты:

- 1) Шарт бойынша сыйақы мөлшерлемесін не сыйақы мәнін азайту жағына қарай өзгерту;
- 2) негізгі борыш және (немесе) сыйақы бойынша төлемді кейінге қалдыру;
- 3) берешекті өтеу әдісін немесе берешекті өтеу кезектілігін, оның ішінде негізгі борышты басым тәртіппен өтей отырып өзгерту;
- 4) микрокредит мерзімін өзгерту;
- 5) мерзімі өткен негізгі борышты және (немесе) сыйақыны кешіру, микрокредит бойынша тұрақсыздық айыбының (айыппұлдың, өсімақының) күшін жою;
- 6) тараптардың келісінде белгіленген мерзімдерде ипотека мәні болып табылатын жылжымайтын мүлкікті кепіл берушінің өз бетінше сатуы;
- 7) микроқаржы ұйымына кепілге салынған мүлкікті беру жолымен Шарт бойынша міндеттемені орындаудың орнына бас тарту ұсыну;
- 8) сатып алушыға Шарт бойынша міндеттемені бере отырып, ипотеканың мәні болып табылатын жылжымайтын мүлкікті өткізу.

8.4. МҚҰ уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленген тәртіпте Қарыз алушы-жеке тұлғаның өтінішін алған күннен кейін күнтізбелік он бес күн ішінде Шарт талаптарына ұсынылған өзгерістерді қарайды және Қарыз алушы-жеке тұлғаға жазбаша нысанда не Шарт бойынша көзделген тәсілмен мыналар жөнінде хабарлайды:

- 1) Шарттың талаптарына ұсынылған өзгерістермен келісуі;
- 2) берешекті реттеу жөніндегі өз ұсыныстары;
- 3) бас тарту себептерінің дәлелді негіздемесін көрсетумен, Шарт талаптарын өзгертуден бас тартуы.

8.5. Қарыз алушы-жеке тұлға осы Шарттың 8.3-тармағының 3) тармақшасында көзделген микроқаржы ұйымының шешімін алған күннен бастап күнтізбелік он бес күннің ішінде немесе Шарттың талаптарын өзгерту туралы өзара тиімді шешімге қол жеткізілмеген жағдайда, бірмезгілде МҚҰ-ға хабарлай отырып, уәкілетті органға жүгінуге құқылы.

Уәкілетті орган Қарыз алушы-жеке тұлғаның өтінішін оның МҚҰ-ға өтініш жасауының дәлелдемесі ұсынылған және МҚҰ-мен Шарттың талаптарын өзгерту туралы өзара қолайлы шешімге қол жеткізілмеген кезде қарайды.

Уәкілетті орган «Тұрғын үй қатынастары туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес халықтың әлеуметтік осал топтарына жататын Қарыз алушы – жеке тұлғаның тұрғынжай болып табылатын жылжымайтын мүлкік ипотекасымен қамтамасыз етілген, кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға байланысты емес Шарт жөніндегі өтінішін қарау кезеңінде кепілге қойылған мүлкікке сотқа талап қоюды беру арқылы өндіріп алуды қолдануға жол берілмейді.

Осы тармақтың үшінші бөлігінде белгіленген талап уәкілетті орган өтінішті өтініш жасалған күннен бастап күнтізбелік алпыс күннен астам қараған, сондай-ақ Қарыз алушы-жеке тұлғаның бұрын қаралған мәселе бойынша өтініші қайта берілген жағдайларда қолданылмайды.

Қарыз алушы-жеке тұлғаның өтінішін уәкілетті орган Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен қарайды.

8.6. 8.1-тармақтың 1) тармақшасында көзделген талап қанағаттандырылмаған, сондай-ақ Шарт бойынша Қарыз алушы-жеке тұлға 8.2-тармақта көзделген құқықтарды іске асырмаған не Қарыз алушы-жеке тұлға мен МҚҰ арасында Шарттың талаптарын өзгерту бойынша келісім болмаған жағдайда, МҚҰ:

- 1) Қарыз алушыға қатысты шаралар қолдану туралы мәселені қарауға және Микрокредиттер беру қағидаларына сәйкес шаралар қолдану туралы шешім қабылдауға;

2) берешекті сотқа дейін өндіріп алу және реттеу үшін коллекторлық агенттікке беруге.

3) микрокредит беру туралы шартта микроқаржы ұйымының қарыз алушы микрокредит беру туралы шарт бойынша міндеттемелерді орындауды кешіктіруге жол берген кезде коллекторлық агенттікті тартуға құқығы болған кезде коллекторлық агенттікке берешекті сотқа дейінгі өндіріп алуға және реттеуге беруге;

МҚҰ берешекті сотқа дейінгі өндіріп алуға және берешекті реттеуге берген күні бұл туралы Қарыз алушыны шартта көзделген тәсілмен, сондай-ақ коллекторлық агенттіктің атауын, орналасқан жерін, коллекторлық агенттіктің телефон нөмірлерін көрсете отырып, ақпараттандыру объектілері арқылы хабардар етеді.

4) қарыз алушы ақшалай міндеттемені орындауды кешіктірген жағдайда, Заңның 9-1-бабында белгіленген талаптарды сақтай отырып, Шарт бойынша құқықтарды (талаптарды) басқа адамға беруге: жылжымайтын мүліктің ипотекасымен қамтамасыз етілген жеке тұлғаның шарты бойынша – қатарынан күнтізбелік бір жүз сексен күннен астам;

жеке тұлғаның микрокредит беру туралы өзге де шарттары бойынша – қатарынан күнтізбелік тоқсан күннен астам.

5) Қазақстан Республикасының заңнамасында және (немесе) Шартта көзделген шараларды қолдануға, оның ішінде нотариусқа атқару парағын орындау үшін немесе сотқа Шарт бойынша борыш сомасын өндіріп алу туралы талап қоюмен жүгінуге, сондай-ақ кепілге қойылған мүлікке сот тәртібімен өндіріп алуды қолдануға;

6) сотқа Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қарыз алушы – жеке кәсіпкерді, заңды тұлғаны банкрот деп тану туралы талап қоюмен жүгінуге құқылы.

8.7. МҚҰ осы баптың 8.1-тармағы 1) тармақшасында көрсетілген хабарламаны Сотқа дейінгі реттеу туралы хабарлама/Хабарлама ретінде бағыттайды. Сотқа дейінгі реттеу туралы хабарлама/Хабарлама адресатқа, алушыға тапсырудың мүмкін еместігі туралы не оны қабылдаудан бас тартуға, сондай-ақ Шартта көрсетілген өзге байланыс құралын пайдалану кезінде оның қабылданғанын растамауына байланысты белгі соғылып қайтарылған жағдайда Сотқа дейінгі реттеу туралы хабарлама/Хабарлама тиісінше жіберілген және жеткізілген болып есептеледі.

8.8. Қарыз алушы МҚҰ-ның Қарыз алушы Микрокредит беру туралы шарт бойынша орындау мерзімі келген өз міндеттемелерін орындамағанда атқару жазбасын шығару үшін нотариусқа жүгінуге, сонымен қатар «Микроқаржылық қызмет туралы» ҚР Заңында көзделген шектеулерді ескере отырып, негізгі борыш сомасын, сыйақы сомасын, тұрақсыздық айыбы сомасын даусыз тәртіппен өндіріп алуға құқылы екенінен хабардар және оны мойындайды.

Осы өтінішке қол қоя отырып, Қарыз алушы Микрокредит беру туралы шартта көзделген орындау мерзімі келген микрокредит сомасын қайтару және/немесе сыйақы және/немесе тұрақсыздық айыбын төлеу жөніндегі міндеттемелерін орындамаған жағдайда, ол кінәсін және міндеттемелерді орындамау фактісін сөзсіз және даусыз растайды және мойындайды.

- Қарыз алушы Шарттың осы тармағының ережелері Қарыз алушының Микрокредит беру туралы шарт бойынша МҚҰ/өндіріп алушы алдындағы борышкер ретінде өзінің даусыз жауапкершілігін тану туралы өзінің келісімін білдіретінін, сонымен қатар осы келісім дауды сотқа дейін реттеу тәртібімен МҚҰ/өндіріп алушының наразылығына Қарыз алушының жауабына теңестірілетінін растайды және мойындайды.

Тараптар нотариустың атқару жазбасы МҚҰ/өндіріп алушының өтінішінің негізінде және таңдауы бойынша жасалатынына келісті:

- Қарыз алушының тіркелген жері (заңды мекенжайы) бойынша;
- Қарыз алушының тұрғылықты жері бойынша (Өтінішті жасау сәтінде онда көрсетілген нақты мекенжайы бойынша) немесе атқару жазбасын жасау сәтінде Қарыз алушының нақты орналасқан мекенжайы бойынша;
- тұрғылықты жері және/немесе кепілдің тіркелген жері бойынша нотариус болмаған жағдайда, МҚҰ немесе оның кез келген филиалының тіркелген жері (заңды мекенжайы) бойынша.

9. -бап. Заңды тұлға болып табылатын Қарыз алушының куәландырулары мен кепілдіктері

9.1. Қарыз алушы келесілерді куәландырады және кепілдендіреді:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасымен немесе құрылтай құжаттарымен тыйым салынбаған кез келген қызмет түрлерін жүзеге асыруға қажетті құқықтық қабілеттікке және әрекет қабілеттігіне иелік етеді, құқықтарды иеленеді және Шарт бойынша міндеттер көтереді;

2) Шартты жасау мен орындау Қарыз алушының басқарма органдарымен тиісті түрде рұқсат етілген және Қазақстан Республикасының заңнамасына, Қарыз алушының құрылтай құжаттарына, сондай-ақ оның бұрын жасалған келісімдеріне қайшы келмейді. Қарыз алушының жарғылық капиталында елеулі (МҚҰ пікірі бойынша) қатысу үлесіне ие Қарыз алушы қатысушыларының құрамы осы Шартты жасаған күні өзгермейді және МҚҰ-ның алдын ала жазбаша келісімінсіз бұдан әрі де өзгермейді;

3) Шартты және осы Шартпен байланысты басқа да шарттарды жасауға талап етілген барлық рұқсаттар мен келісімдер алынды;

4) Қарыз алушының құқықтық мәртебесі өзгерген жағдайда, Қарыз алушы осы Шарт және оған қатысты келісімдер бойынша барлық міндеттемелерді құқықтық мирасқор иеленуі үшін барлық әрекеттерді қабылдауы керек;

5) қарыз алушы банкроттық, құқығын қалпына келтіру, қайта құрылу, жойылу жағдайында немесе нәтижесінде Қарыз алушы қызметінің тоқтатылуы мүмкін өзге де жағдайларда болмауы және аталған жағдайлар туралы мемлекеттік құзыретті органдарға, оның ішінде сотқа іс қозғау үшін өтініштер (немесе қатынастың өзге де түрлері) түспеуі;

6) Қарыз алушымен бұдан бұрын, оның ішінде үшінші тұлғалармен жасаған мәмілелер бойынша міндеттемелердің елеулі түрде бұзылмауы;

7) жауапкер (қосалқы жауапкер) ретінде сот талқылауында болмауы;

8) Қарыз алушының растаушы құжаттарды ұсыну арқылы МҚҰ-ны ескертпеген Қарыз алушының салық төлемдері, сондай-ақ бюджетке түсетін өзге де төлемдер бойынша берешегінің болмауы;

9) Қарыз алушы растаушы құжаттарды ұсыну арқылы МҚҰ-ны ескертпеген үшінші тұлғалар алдында қарызы, кредиттері, бағалы қағаздары, борыштық міндеттемелері бойынша міндеттемелерінің болмауы;

10) бизнесіне, қаржылық жағдайына, активтеріне және Шарт бойынша өз міндеттемелеріне жауап беру мүмкіндігіне елеулі кері әсерін тигізуі мүмкін міндеттемелерінің болмауы;

11) Шарт бойынша Қарыз алушының және/немесе үшінші тұлғалардың ұсынған (ұсынылатын) қамтамасыз етулері Қазақстан Республикасының заңнама талаптарына сәйкес рәсімделген, тиісті күйде болып табылады және қолда бар, сонымен қатар қамтамасыз етілудің жоғалу, бүліну немесе жойылу қаупі болмауы; Қарыз алушы және/немесе үшінші тұлғалардың қамтамасыз ету шарттары бойынша міндеттемелері тиісті жағдайда орындалатын болады;

12) Шартты жасаған сәтте оны бұзуға, орындамауға, жарамсыз деп тану мүмкіндігіне себеп боларлық негіз жоқтығын растайды;

13) МҚҰ-ға ұсынған қаржылық есептіліктің қолданыстағы мемлекеттік (және халықаралық) есепке алу және есептілік стандарттарына сәйкестігіне, сондай-ақ аталған есептіліктің шынайылығына жауап береді;

14) Шарттың және Шарт аясында жасалатын өзге де шарттардың талаптары оған түсінікті, адасушылық, соның ішінде келісімнің дәлелінде жаңылысу орын алмаған және жоғарыда келтірілген шарттардың талаптары оны кіріптар етпейді.

10. -бап. Қазақстан Республикасы Үкіметінің қолдауымен Еуропа Қайта құру және даму банкі (ЕҚДБ) жүзеге асыратын «Бизнесегі әйелдер» бағдарламасының аясында микрокредит беру шарттары

10.1. Қарыз алушы Шартқа қол қоя отырып, Шарт бойынша берілген микрокредиттің мақсатты пайдаланылуын бақылау, сонымен қатар Қазақстан Республикасы Үкіметінің қолдауымен Еуропа Қайта құру және даму банкі (ЕҚДБ) жүзеге асыратын «Бизнесегі әйелдер» бағдарламасын мониторингтеу және талдау мақсатында Еуропа Қайта құру және даму банкінің өкілдеріне және/немесе кеңесшілеріне, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі, сонымен қатар Қазақстан Республикасының Ұлттық экономикасы министрлігінің тұлғасындағы донордың өкілдеріне микрокредитті беру құпиясын ашуға жазбаша келісімін береді.

10.2. Қарыз алушы Шартқа қол қоя отырып, Шарт бойынша берілген микрокредиттің есебінен Қарыз алушымен сатып алынған жабдық пен оның құжаттамасы орналасқан ғимаратқа Еуропа Қайта құру және даму банкі өкілдерінің және/немесе кеңесшілерінің, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі, сонымен қатар Қазақстан Республикасының Ұлттық экономикасы министрлігінің тұлғасындағы донор өкілдерінің кедергісіз қатынауына, сонымен қатар Қарыз алушының микрокредитті пайдалануға қатысты бухгалтерлік және басқа құжаттарымен танысуына

жазбаша келісімін береді.

10.3. Қарыз алушы валюталық тәуекелдерді хеджирлеу, валюта нарықтарында шетел валютасын сатып алу құны мен сату құны арасындағы айырмадан кіріс алу, сондай-ақ Қарыз алушының микрокредитті шетел валютасымен қайта қаржыландыруы мақсатында микрокредитті пайдалану аясында жасалған сыртқы экономикалық шарт бойынша міндеттемелерді Қарыз алушының орындауы үшін мұндай айырбастау Шартта көрсетілген нысаналы мақсаты бойынша жүзеге асырылатын жағдайларды қоспағанда, микрокредитті шетел валютасына айырбастамауға міндетті.

11. -бап. Еуропа Қайта құру және даму Банкі жүзеге асыратын «Микро, шағын және орта кәсіпорындар» бағдарламасы аясында микрокредит беру шарттары

11.1. Шартқа қол қоя отырып, Қарыз алушы Шарт бойынша берілген микрокредиттің мақсатты пайдаланылуын бақылауды, сондай-ақ Еуропа Қайта Құру және даму банкі (ЕҚДБ) жүзеге асыратын «Микро, шағын және орта кәсіпорындар» бағдарламасының мониторингі мен талдауын жүзеге асыру мақсатында Еуропалық Қайта Құру және даму банкінің өкілдеріне және/немесе оның кеңесшілеріне, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің өкілдеріне микрокредит беру құпиясын ашуға жазбаша келісімін береді.

11.2. Шартқа қол қоя отырып, Қарыз алушы сондай-ақ Еуропалық Қайта Құру және даму банкі өкілдерінің және/немесе оның кеңесшілерінің, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Шарт бойынша берілген микрокредит есебінен Қарыз алушы сатып алған жабдық және оның құжаттамасы орналасқан ғимараттарға кедергісіз қатынауына, сонымен қатар Қарыз алушының микрокредитті пайдалануға қатысты бухгалтерлік және басқа құжаттарымен танысуына жазбаша келісімін береді.

11.3. Валюталық тәуекелдерді хеджирлеу, валюта нарықтарында шетел валютасын сатып алу құны мен сату құны арасындағы айырмадан кіріс алу, сондай-ақ Қарыз алушының микрокредитті шетел валютасымен қайта қаржыландыруы мақсатында микрокредитті пайдалану шеңберінде жасалған сыртқы экономикалық шарт бойынша міндеттемелерді қарыз алушының орындауы үшін мұндай айырбастау Шартта көрсетілген нысаналы мақсаты бойынша жүзеге асырылатын жағдайларды қоспағанда, микрокредитті шетел валютасына айырбастамауға міндетті.

12. -бап. «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ жүзеге асыратын «Микро, шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерін екінші деңгейдегі банктер және микроқаржы ұйымдары арқылы Азия Даму Банкінің қарызы есебінен қаржыландыру» бағдарламасының аясында микрокредит беру шарттары

- 1) АДБ - Азия Даму Банкі;
- 2) Қор – «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» акционерлік қоғамы);
- 3) ҚР ҰБ – Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі;
- 4) Жоба - осы Шарт бойынша берілген микрокредит қаражаты есебінен Қарыз алушы іске асыратын бизнес жоба;
- 5) Сенім білдірілген агент - Мемлекеттік кепілдік беру туралы келісім бойынша Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі үшін сенім білдірілген агент функцияларын орындайтын «Оңалту және активтерді басқару компаниясы» АҚ;
- 6) Қордың жалғыз акционері – «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы);
- 7) Кредиттік келісім – «Микро, шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерін екінші деңгейдегі банктер және микроқаржы ұйымдары арқылы Азия Даму Банкінің қарызы есебінен қаржыландыру» Өніміне қатысу туралы кредиттік келісім;
- 8) Бағдарлама - «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ іске асыратын микро, шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерін екінші деңгейдегі банктер және микроқаржы ұйымдары арқылы Азия Даму Банкінің қарызы есебінен қаржыландыру бағдарламасы;
- 9) Үлестес тұлғалар:
 - 1) Қарыз алушының ірі қатысушысы;
 - 2) Қарыз алушының ірі қатысушысы не лауазымды тұлғасы болып табылатын тұлға бақылайтын заңды тұлға;
 - 3) Қарыз алушының ірі қатысушысы не лауазымды тұлғасы болып табылатын тұлға ірі қатысушы болып табылатын не мүліктегі тиісті үлеске құқығы бар заңды тұлға;
 - 4) Қарыз алушы ірі қатысушы болып табылатын немесе мүліктегі тиісті үлеске құқығы бар заңды

тұлға;

5) Қарыз алушымен бірлесіп үшінші тұлғаның бақылауында болатын заңды тұлға;

6) Қарыз алушы қабылдайтын шешімдерді айқындауға құқылы шартқа Қарыз алушымен байланысты тұлға;

7) осы ұйғарымның 1), 3) - 6) тармақшаларында көрсетілген заңды тұлғалардың қатысу үлестерінің он және одан көп процентін дербес немесе өзінің үлестес тұлғаларымен бірлесіп иеленетін, пайдаланатын, оларға билік ететін заңды тұлға;

8) Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған өзге де тұлғалар.

12.1. Шартқа қол қоя отырып, Қарыз алушы МҚҰ-ға микрокредит беру құпиясын құрайтын мәліметтерді, сондай-ақ Бағдарламаға қатысу үшін дербес деректерді ұсынуға келісім береді.

12.2. **Қарыз алушының міндеттері:**

1) Қордың өкілдерін, оның ішінде АДБ/ҚРҰБ/сенім білдірілген агенттің өкілдерімен бірлесіп, Жобаларды іске асыру орындарына жіберуді қамтамасыз етуге, сондай-ақ олардың талап етуі бойынша микрокредитті игеру және оны мақсатты пайдалану туралы кез келген құжаттар мен ақпаратты ұсынуға міндетті. Бұл ретте Қарыз алушылардың Жобаларын іске асыру мониторингі жарты жылда кемінде 1 (бір) рет жүргізілуі мүмкін;

- Шарт бойынша берілген микрокредит қаражаты есебінен сатып алынатын/салынған негізгі құралды өзіне рәсімдеу;

2) ұзақ мерзімді активті сатып алу-сату мәмілесі бұзылған немесе Шарт бойынша берілген микрокредит қаражаты есебінен сатып алынған ұзақ мерзімді активті иеліктен шығарған жағдайда, мұндай бұзу/иеліктен шығару фактісі болған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде МҚҰ-ға хабарлау;

3) тиісті ынтамен және тиімділікпен, сондай-ақ қолданылатын мақсатқа сай техникалық, қаржылық, іскерлік және дамыту стандарттарына сәйкес Жобаны жүзеге асыру және іске асыру, оның ішінде тиісті шоттар мен жазбаларды жүргізу;

4) тауарларды, жұмыстарды және консультациялық қызметтерді тек қана Жобаны іске асыру мақсатында сатып алу;

5) Жобаны іске асыру барысында негізгі еңбек стандарттарын (Халықаралық Еңбек Ұйымының тиісті конвенцияларында жазылғандай) және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын, оның ішінде жұмыс орнындағы қауіпсіздік нормаларын сақтауды қамтамасыз ету;

6) микрокредит қаражаты есебінен қаржыландырылатын барлық тауарлар, жұмыстар мен консультациялық қызметтер Сатып алу жөніндегі нұсқаулықтың және Консультациялық қызметтерді тарту жөніндегі нұсқаулықтың тиісті ережелерінде қамтылған АДБ-ның сатып алу жөніндегі саясатына сәйкес сатып алуға жататындығы туралы шартты сақтау;

7) микрокредит есебінен қаржыландырылатын барлық тауарлар, жұмыстар және/немесе консультациялық қызметтер үнемдеу және тиімділік қағидатын ескере отырып және сыбайлас жемқорлықтың, алаяқтықтың, ымыраласудың немесе онымен Қарыз алушының мәжбүрлеудің қандай да бір тәжірибесін тартпай, әдеттегі коммерциялық практикаға сәйкес сатып алынғаны туралы шартты сақтау;

8) Қарыз алушының сатып алуына жататын барлық тауарлар мен жұмыстар (оның ішінде жеке сатып алынған немесе басқа сатып алынатын тауарлар мен жұмыстарға енгізілген болсын, барлық компьютерлік жабдықтар, бағдарламалық жасақтама мен жүйелер шектеусіз) кез келген өнеркәсіптік немесе зияткерлік меншік құқықтарын немесе кез келген үшінші тұлғалардың құқықтарын бұзбауы немесе оларға қысым жасалмауы туралы шартты сақтау;

9) тауарлар мен жұмыстарды сатып алу үшін Қарыз алушымен жасалатын барлық келісім-шарттарда тиісті растаулар, кепілдіктер және қажет болған жағдайда мердігерден немесе жеткізушіден өтемақылар болуы туралы шартты сақтау;

10) Қарыз алушы консультанттармен жасайтын барлық келісім-шарттарда тиісті растамалардың, кепілдіктердің және қажет болған жағдайда консалтингтік қызметтер меншіктің кез келген өнеркәсіптік немесе зияткерлік құқықтарын немесе кез келген үшінші тұлғалардың құқықтарын бұзбайтындығын немесе шектемейтіндігін куәландыру үшін консультанттардан өтемақылардың болуы туралы шартты сақтау;

11) әрбір Жобаны дайындау, жобалау, салу, енгізу, пайдалану және пайдаланудан шығару кезінде (а) қоршаған орта, денсаулық және қауіпсіздік мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының барлық қолданылатын заңдары мен нормативтік-құқықтық актілері; (б) ЭШСУ; (с) ЭЭББ, және (d) тиісті ЭЕМ-де жазылған барлық шаралар мен талаптар (В санатындағы жобалар үшін) және

экологиялық және әлеуметтік мониторинг бойынша есепте жазылған кез келген түзетуші немесе алдын алу шаралары сақталатыны туралы шартты қадағалау;

12) егер тауарларды/жұмыстарды/қызметтерді сатып алудың өзге мерзімі Қарыз алушы контрагентпен жасаған тиісті шартта көзделмесе, микрокредит берілген күннен бастап 6 (алты) ай ішінде оны нысаналы мақсаты бойынша пайдалану.

Негізгі құралдарды жаңғыртуға және жаңасын сатып алуға микрокредит берілген жағдайда Қарыз алушы тиісті ақша сомаларымен шығыстардың баптарын нақтылай отырып, микрокредиттің мақсатты пайдаланылуын ашып жазуды жүргізуге міндетті. Нысаналы пайдаланудың көрсетілген толық жазылуы Шартқа № 1-1 қосымшада көрсетілген;

13) беделді сақтандыру компаниялары арқылы адал іскерлік практика қағидаттарына сәйкес келетін мөлшерде және жоғарыда айтылғандарға қатысты қандай да бір шектеулерсіз сақтандыру, осындай сақтандыру шетелден тауарларды сатып алумен, тасымалдаумен және жеткізумен байланысты сақтандыру жағдайларын жабуы тиіс немесе егер пайдалану орнымен немесе орнатумен байланысты кепілгердің нормативтері осыны талап етсе және кез келген осындай сақтандыру үшін өтеу осындай тауарларды алмастыру немесе жөндеу үшін еркін пайдаланылатын валютада төленеді.

12.3. МҚҰ-ның:

1) төменде берілген қызметті жүзеге асыратын немесе ондай қызметке тартылған Қарыз алушыларға микрокредит беруге құқығы жоқ:

- мәжбүрлі еңбектің немесе балалар еңбегінің зиянды немесе пайдаланушылық түрлері тартылған өндіріс немесе қызмет;

- қабылдаушы елдің заңдары мен ережелері немесе халықаралық конвенциялар мен келісімдер шеңберінде заңсыз деп саналатын немесе келесілер секілді өндірістен халықаралық біртіндеп алынатын немесе тыйым салынатын кез келген өнімді немесе қызметті өндіру немесе сату: (I) фармацевтикалық өнімдер, пестицидтер мен гербицидтер, (II) озонды бұзатын заттар, (III) полихлорланған бифенилдер және өзге де қауіпті химикаттар, (iv) құрып кету қаупі төнген жабайы фауна мен флора түрлерімен халықаралық сауда туралы Конвенция шеңберінде реттелетін жабайы табиғат объектілері мен өнімдері және (v) қалдықтарды трансшекаралық сату;

- әскерилендірілген материалдарды қоса алғанда, қаруды немесе амуницияны өндіру немесе сату;

- сыра мен шараптан басқа, алкоголь ішімдіктерін өндіру немесе сату;

- темекі өндіру немесе сату;

- құмар ойындар, казино және соған ұқсас кәсіпорындар;

- ядролық реакторлар мен тиісті компоненттерді қоса алғанда, радиоактивті материалдарды өндіру немесе сату;

- байланыспаған асбест талшықты өндіру, сату немесе пайдалану;

- байырғы тропикалық ылғалды ормандарда немесе реликтік ормандарда пайдалану үшін коммерциялық ағаш дайындау қызметі немесе ағаш дайындау жабдықтарын сатып алу;

- ірі масштабтағы осал және қорғалатын түрлерге зиянды және теңіз биоәртүрлілігі мен мекендеу ортасына зиян келтіретін ұсақ ұяшықты желіні қолдана отырып, ауқымды пелагиялық дрейфтер кәсіпшілігі және балық аулау сияқты теңіз және жағалау маңындағы балық аулау;

- Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынған кез келген қызмет.

2) төменде берілген қызметті жүзеге асыратын немесе ондай қызметке тартылған Қарыз алушыларға микрокредит беруге құқығы жоқ:

- қызмет түрі Қазақстан Республикасының еңбек, экология, денсаулық сақтау және қауіпсіздік туралы ережелері мен заңнамасына, сондай-ақ Қазақстан Республикасының әлеуметтік заңнамасына және АДБ-ның қауіпсіздік саясатына сәйкес келмейтін қызмет түрі;

- ЖКӨБ және Қазақстан Республикасының заңнамасын сақтау мақсатында жобаның мәжбүрлі қоныс аударуға немесе тұрғылықты халықтарға әсер етуіне ықпал етпеуі тиіс. Жоғарыда баяндалғанның жалпы мағынасын шектемей, МҚҰ жер сатып алу немесе беру мүдделі тараптар арасында жүзеге асырылатын және жеке меншікті мәжбүрлеп иеліктен шығаруға болмайтын кез келген мүдделілікті көздейтін кез келген ұсынылған Жобаға қатысты қамтамасыз етуі тиіс; және

- Жоба ЖӘМ мәндері мен анықтамаларын сақтау мақсатында "А" санаты ретінде жіктелуі мүмкін қоршаған ортаға әсерге ие болмауы тиіс және Кредиттік келісімге №11 Қосымшада баяндалған экологиялық және қорғау шараларына сәйкес келеді;

- заңды тұлғалардың жарғылық капиталдарына қатысу;

- Қарыз алушылардың бұрын келтірілген шығындарын өтеу, Қарыз алушылардың жеке және

(немесе) заңды тұлғалардан, оның ішінде қатысушылардан, акционерлерден, лауазымды тұлғалардан және Қарыз алушылардың қызметкерлерінен қаржылық көмек алуына байланысты туындаған берешекті өтеу;

- тұтынушылық кредит беру;
- құрылтайшыларға (оның ішінде Қарыз алушының қатысушыларына, акционерлеріне) дивидендтер төлеу;
- Қарыз алушылардың шаруашылық қызметінің шығындарын жабу;
- сенімгерлер (агенттер) қызметтерінің төлемі.

Сенім білдірілген (агент) тапсырма шарты негізінде кредитордың (сенім білдірушінің) немесе бюджеттік бағдарлама әкімшісінің атынан және есебінен және оның нұсқауларына сәйкес бюджеттік кредит беруге байланысты белгілі бір тапсырмаларды (бюджеттік кредиттерге қызмет көрсету, қарыз алушылармен есеп айырысуды жүргізу, Қарыз алушылар мен Жобаларға мониторинг жүргізу, берешекті және т. б. өндіріп алу) жасайтын тұлға болып табылады;

- Қарыз алушының микрокредитімен байланысты комиссияларды, алымдарды және (немесе) өзге де төлемдерді төлеу;

- бағалы қағаздарды сатып алу (портфельдік инвестициялар);
- үлестес/байланысты компаниялардан/тұлғалардан негізгі құралдарды, активтерді сатып алу;
- Қор қаражаты қаржыландыру көзі болып табылатын Қарыз алушылардың қолданыстағы қарыздарын/кредиттерін қайта қаржыландыру;

- моторлы көлік құралдарын шығаруды көздейтін Жобаларды қоспағанда, акцизделетін тауарларды немесе өнімдерді шығаруды және көтерме сатуды көздейтін мақсаттарға;

- қаруды (оның ішінде қару өндіру үшін құрамдас), құрамында есірткі бар заттарды немесе азаматтық айналымнан алынған басқа да мүлікті өндіруді немесе жеткізуді көздейтін Жобаларды іске асыру;

- ойын бизнесін ұйымдастыруды және (немесе) дамытуды көздейтін Жобаларды іске асыру;

- Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынған террористік және кез келген өзге қызметпен байланысты қызметті көздейтін Жобаларды іске асыру;

- Офшорлық аймақтарда тіркелген немесе офшорлық аймақтарда банктік шоттары бар немесе офшорлық аймақтарда тіркелген немесе Офшорлық аймақтардың резиденттері болып табылатын тұлғалардың тікелей немесе жанама бақылауындағы контрагенттердің пайдасына кез келген шарттарды/келісімшарттарды/келісімдерді төлеу;

- мемлекеттік меншіктегі жер теліміндегі құрылыс жағдайларын қоспағанда, үшінші тұлғаларға, соның ішінде Қосалқы қарыз алушыға ресімделетін мүлікті/активтерді сатып алу, сондай-ақ үшінші тұлғаларға тиесілі жер телімінде объектіні салуды жүзеге асыру;

- Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес анық жалғандық немесе көлгірсу белгілері бар мәмілелерге ақы төлеу;

- осындай айырбастау күніне Жобаның мақсатына сәйкес активтерді, жұмыстарды, қызметтерді сатып алуға арналған тиісті келісімшарт (шарт) болмаған жағдайда, айырбастау сомасына микрокредитті шетел валютасына ішінара/толық айырбастау.

12.4. Қарыз алушы МҚҰ-ға ол туралы ақпаратты кредиттік бюроларға беруге және МҚҰ-ның кредиттік бюросынан және/немесе Қорға кредиттік есепті беруге жазбаша келісім береді. Бұл ақпарат тегін, атын, әкесінің атын (егер бар болса), туған күні мен жерін, тұрғылықты жерін, жеке басын куәландыратын құжаттың нөмірі мен күнін, микрокредит туралы мәліметтерді, Қарыз алушының міндеттемелерін орындауды қамтамасыз ету тәсілдері мен борышының сомасын қамтиды. Қарыз алушының жазбаша келісімімен көрсетілген ақпарат кредиттік бюроға айына кемінде бір рет беріледі. Кредиттік есептегі ақпаратты кредиттік бюро МҚҰ және/немесе Қордың сұратуы бойынша береді. МҚҰ және Қор кредиттік бюродан алынған кредиттік есептегі Қарыз алушы туралы ақпараттың құпиялылығына кепілдік береді

12.5. Осы арқылы Қарыз алушы Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кіріс комитетіне Қорға салықтық құпия болып табылатын, Қарыз алушының қызметіне қатысты мәліметтерді төмендегілерге сәйкес беруге келісім береді:

- салық салуға жатпайтын табыстарды және түзетуді ескере отырып, салық кезеңінде жиынтық алынған табыс;
- сатылған тауарлар (жұмыстар, қызметтер) бойынша шығыстар;
- шетелдік көздерден алынатын кірістер;
- тартқан шығындарды ескере отырып салық салынатын кіріс;

- салық салынатын кірістен жеке табыс салығы;
- қызметкерлердің есептелген табыстары және жеке тұлғаларға өзге де төлемдер бойынша шығыстар;
- қызметкерлер саны/қызметкерлердің орташа тізімдік саны;
- бір қызметкерге орташа айлық жалақы;
- салық төлемдерінің сомасы (корпоративтік табыс салығы, қосылған құн салығы, әлеуметтік салық, жеке табыс салығы бойынша шығыстарды қоса алғанда).

12.6. Осы арқылы Қарыз алушы МҚҰ-ға Шарт бойынша құқықты (талап етуді) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Қор айқындайтын үшінші тұлғалардың пайдасына, сондай-ақ егер мұндай құқық Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген болса, Қордың пайдасына беруге келісім береді.

12.7. Шартқа қол қоя отырып, Қарыз алушы МҚҰ-ға микрокредит беру құпиясын құрайтын мәліметтерді, сондай-ақ Бағдарламаға қатысу үшін дербес деректерді ұсынуға келісім береді.

12.8. **Қор:**

1) Қарыз алушыдан микрокредитті игеру және мақсатты пайдалану туралы қосымша ақпаратты, оның ішінде Қарыз алушының МҚҰ-дан микрокредит алғанын және оның қандай мақсаттарға берілгені туралы сұрауға;

2) Жобаны іске асыру орнына барып, оның ішінде АДБ/ҚРҰБ/сенім білдірілген агенттің өкілдерімен бірлесіп, Шартқа берілген микрокредитті Қарыз алушының мақсатты пайдалануына мониторингті жүзеге асыруға;

3) Жалғыз акционерге/АДБ/ҚРҰБ/сенім білдірілген агентке микрокредит беруге, игеруге, мақсатына сай пайдалануға байланысты ақпаратты беруге **құқылы**.

13. -бап. МҚҰ Қаржыландыру шарты бойынша алған Еуропа инвестициялық банкінің қарызы есебінен Қазақстанда микрокредит беру бағдарламасы бойынша Еуропа инвестициялық банкімен жасалған Қаржыландыру шарты аясында микрокредит беру шарттары

13.1. **Қарыз алушының міндеттері:**

1) алған микрокредитті Микрокредит беру туралы шартта көзделген нысаналы мақсаты бойынша пайдалану;

2) Микрокредит беру туралы шартта көзделген мерзімде және тәртіппен ішкі жобаны аяқтау (микрокредиттің нысаналы мақсатына қол жеткізу);

3) Еуропалық Одақ Санақ палатасының, Еуропалық комиссияның және Алаяқтықпен күрес жөніндегі Еуропалық бюроның өкілдерін қосқанда, Еуропа инвестициялық банкі тағайындаған тұлғаларға Ішкі жобаның құрамына кіретін нысандарға, қондырғыларға және жұмыстарға кіруге, олар қалаған тексерістерді жүргізу, оларды барлық қажетті ақпаратпен және осы мақсаттағы көмекпен қамтамасыз етуге рұқсат ету. Қарыз алушы Еуропалық Одақ заңнамасының сәйкесінше міндетті ережелеріне сәйкес Банк кез келген құзырлы мекемеге немесе Еуропалық Одақ органына Қарыз алушыға және Жобаға қатысты ақпаратты хабарлауға міндетті екенін мойындауы қажет. Бұл ретте МҚҰ Қаржыландыру шартының 8.5-бабында көрсетілген талаптарды орындауға міндетті;

4) экологиялық және әлеуметтік стандарттарға сәйкес микрокредитті нысаналы мақсаты бойынша пайдалану; микрокредитті нысаналы мақсаты бойынша пайдалану үшін қажетті экологиялық немесе әлеуметтік рұқсаттарды алу, қолдау және сақтау; және жағдайларға байланысты Қоршаған ортаны қорғау туралы заңға сәйкес және МҚҰ сұрауы бойынша оның осы міндеттемені орындауын тексеру үшін дәлелдер ұсыну. МҚҰ Еуропа инвестициялық банкінің нақты сұрауы бойынша кез келген Қарыз алушыға қатысты бұндай құқықтарды жүзеге асыруға және ондай сұрауға байланысты алған кез келген маңызды ақпаратты бірден Еуропа инвестициялық банкіне табыстауға міндеттенеді;

5) атқару немесе пайдалану құқықтарын күшінде сақтау, сонымен қатар микрокредиттің нысаналы мақсатын орындау және жүзеге асыру үшін қажетті барлық рұқсатнамаларды және Рұқсаттарды алу, және микрокредиттің нысаналы мақсаты бағынатын барлық заңдарды сақтау;

6) микрокредитті Қазақстан Республикасының заңнамасы бекіткен немесе осы Қаржыландыру шартына қол қойғанға дейін Еуропа инвестициялық банкі анықтаған, сонымен қатар Қазақстан Республикасының тиісті заңдарымен анықталған дәрежеде ЕС қолданыстағы заңнама стандарттарына сәйкес нысаналы мақсаты бойынша пайдалану;

7) Қарыз алушы МҚҰ микрокредит алуға құқылы және Микрокредит беру туралы шартта

көзделген мерзімде және тәртіпте алған микрокредитті қайтаруға және микрокредит бойынша сыйақыны төлеуге, Микрокредит беру туралы шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын өтеу кестесінде белгіленген мерзімге және сомаларға сәйкес Микрокредит беру туралы шарт бойынша берешекті өтеуге байланысты МҚҰ барлық төлемдерін төлеуге міндетті;

8) микрокредиттің нысаналы мақсатының бір бөлігі болып табылатын және оны жүзеге асыру үшін талап етілетін барлық мүлікті күтіп ұстау, жөндеуге және жаңарту;

9) Қарыз алушы микрокредитінің нысаналы мақсаты бойынша пайдаланылған барлық қаражат ақша қаражатын жылыстату өнімдерін қосқанда, заңсыз жолмен алынбағаны және терроризмді қаржыландырумен байланысты емес екені туралы ақпаратты МҚҰ ұсыну, сонымен қатар оған кез келген уақытта ондай қаражаттың заңсыз жолмен алынғаны туралы белгілі болса, дереу МҚҰ ақпарат беру;

10) Микрокредиттің нысаналы мақсатына байланысты қандай да бір Тыйым салынған іс-әрекетке, микрокредиттің нысаналы мақсаты бойынша кез келген тендерлік процедураға немесе Микрокредит беру туралы шартта көзделген кез келген мәмілеге қатыспау (кез келген Серіктеске немесе оның атынан әрекет ететін кез келген басқа тұлғаға оның атынан қатысуға рұқсат етпеу немесе уәкілетті етпеу);

11) кез келген Тыйым салынған іс-әрекеттің болжанған немесе күмәнданған туындауын тексеру немесе тоқтату үшін Еуропа инвестициялық банкі сұрататын іс-шараларды қабылдау;

12) микрокредиттің нысаналы мақсатына байланысты санкция салынған кез келген Тұлға үшін немесе оның мүдделері үшін іскерлік қарым-қатынасқа түспеу немесе қолдамау, қандай да бір қаражатты және/немесе экономикалық ресурстарды қолжетімді ету;

13) оның, МҚҰ немесе Еуропа инвестициялық банкінің қолданыстағы Санкцияларды бұзуына алып келетін кез келген әдіспен микрокредиттің барлығын немесе бір бөлігін пайдалану, немесе қарызға беру, құю немесе ондай қаражатты кез келген тұлғаға өзге жолмен беру;

14) санкция күші таралатын тұлғамен, санкцияларды бұзатын тұлғамен атқарған қызметтен немесе бизнестен немесе оның, Қарыз алушының немесе Еуропа инвестициялық банкінің Санкцияларды бұзуына алып келетін кез келген әдіспен алынған қаражат есебінен микрокредит беру туралы шарт бойынша кез келген төлемнің барлығын немесе бір бөлігін қаржыландыру;

15) МҚҰ ақылға қонымды уақыт кезеңі ішінде қолданыстағы заңнамамен тыйым салынбаса, санкцияға түсетін тұлғаға айналатын немесе өзінің кәсіби міндеттерін атқару кезінде жасалған Тыйым салынған іс-әрекетке байланысты сөзсіз және кері шақырусыз сот шешімінің мәні болып табылатын Қарыз алушыға (жағдайларға байланысты), оның басқару органдарының кез келген мүшесіне немесе оның атынан әрекет ететін кез келген тұлғаға қатысты тиісті шараларды қабылдауға құқылы, яғни ондай Қарыз алушыны (және/немесе оның басқару органдарының кез келген мүшесін) Микрокредит беру туралы шартқа сәйкес МҚҰ берген кез келген қаражатқа қатысты кез келген қызметтен босатуға және жоғарыда 14) тармаққа сәйкес Қарыз алушы қабылдаған кез келген шаралар туралы МҚҰ дереу хабар беру;

16) микрокредиттің сәйкесінше нысаналы мақсатына байланысты МҚҰ ұсынылған кез келген ақпарат немесе құжат дәл әрі дұрыс болып табылатынын растау және мәлімдеу;

17) Микрокредит беру туралы шарттың кез келген бұзылуы туралы МҚҰ-ға хабар беру;

18) микрокредитті нысаналы мақсаты бойынша пайдаланғаннан кейін 7 (жеті) жылдың ішінде Микрокредит беру туралы шартты жүзеге асыру үшін барлық тиісті құжаттаманы жүргізу және ұсыну;

19) Қарыз алушының дәйекті пікірі бойынша (i) кез келген Ішкі жобаны орындауға немесе жүзеге асыруға не болмаса Қарыз алушының жалпы жағдайына елеулі ықпал немесе әсер етуі мүмкін, немесе (ii) МҚҰ мерзімінен бұрын өтеу құқығын беретін немесе уақыт өте сондай құқықты беретін оған белгілі кез келген дерек немесе оқиға туралы МҚҰ-ға хабарлау;

20) Микрокредит беру туралы шарттың немесе кез келген Ішкі жоба аясында берілген кез келген қаражатқа байланысты Тыйым салынған іс-әрекетке қатысты кез келген айып, шағым немесе ақпарат туралы МҚҰ-ға хабар беру.

13.2. Осы Шартқа сілтеме жасайтын Микрокредит беру туралы шартқа/ Шартқа қосылу туралы Өтінішке қол қоя отырып, Қарыз алушы:

1) Микрокредит беру туралы шарт бойынша алған микрокредит жылдық 50 (елу) базистік тармаққа тиімді екенін, сонымен қатар Еуропалық Одақтың Кепілдігі арқылы Еуропалық Одақтың қолдауымен Еуропа инвестициялық банкінің қаржылық қолдау қаражаты есебінен алынғаны оған белгілі екенін;

- 2) Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес кәсіпкерлік субъектісі болып табылатынын;
- 3) Микрокредит беру туралы шарт бойынша алатын микрокредиттің мөлшері 50 000 000 (елу миллион) теңгеден аз екенін;
- 4) Микрокредит беру туралы шарт бойынша алатын микрокредиттің мақсаты кәсіпкерлік мақсаттар екенін;
- 5) Микрокредит беру туралы шарт бойынша алатын микрокредиттің мерзімі 60 (алпыс) айдан аз екенін;
- 6) оның қызметі төменде аталған секторлардың біріне кіретінін растайды: коммерция, бөлшек сауда, агроөнеркәсіптік кешен, балық шаруашылығы, азық-түлік өнеркәсібі, өндіріс, өнеркәсіп, құрылыс саласы, көлік, туризм және осы секторлармен байланысты қызметтер.

14. -бап. «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ жүзеге асыратын «Кәсіпкерлік қызметті атқаратын/атқаруды жоспарлаған микро және шағын жеке кәсіпкерлік субъектілерін және жеке тұлғаларды кейінгі қаржыландыру үшін микроқаржылық ұйымдарда қаражатты шартты орналастыру» бағдарламасының (Даму-Микро) аясында микрокредит алатын Қарыз алушыларға қолданылатын микрокредит беру шарттары / «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ-мен Кредиттік желіні ашу туралы басқа келісімдер бойынша микро және шағын жеке кәсіпкерлік субъектілерін кейінгі қаржыландыру үшін микроқаржы ұйымдарының қаражатын шартты орналастыру шеңберінде микрокредит беру шарттары

14.1. Ұғымдар:

- 1) **Қор** – «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» акционерлік қоғамы;
- 2) **ҚР ҰБ** – Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі;
- 3) **Жоба** – Микрокредит беру туралы шарт бойынша алынған Микрокредит қаражаты есебінен Соңғы қарыз алушы жүзеге асыратын/жүзеге асыруды жоспарлаған бизнес жоба.
- 4) **Қордың жалғыз акционері** – «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы»;
- 5) **Кредит желісі туралы келісім** - МҚҰ-ның «Кәсіпкерлік қызметті атқаратын/атқаруды жоспарлаған микро және шағын жеке кәсіпкерлік субъектілерін және жеке тұлғаларды кейінгі қаржыландыру үшін микроқаржылық ұйымдарда қаражатты шартты орналастыру» (Даму-Микро) өніміне қатысуы туралы кредиттік келісім;
- 6) **Бағдарлама** - «Кәсіпкерлік қызметті атқаратын/атқаруды жоспарлаған микро және шағын жеке кәсіпкерлік субъектілерін және жеке тұлғаларды кейінгі қаржыландыру үшін микроқаржылық ұйымдарда қаражатты шартты орналастыру» (Даму-Микро);

14.2. Қарыз алушының міндеттері:

- 1) Қордың өкілдерін Жобаларды іске асыру орындарына жіберуді қамтамасыз ету, сондай-ақ олардың талап етуі бойынша микрокредитті игеру және оны мақсатты пайдалану туралы кез келген құжаттар мен ақпаратты ұсыну.
- 2) **Шарт бойынша берілген микрокредит қаражаты есебінен сатып алынатын/салынған негізгі құралды өзіне рәсімдеу;**
- 3) ұзақ мерзімді активті сатып алу-сату мәмілесі бұзылған немесе Шарт бойынша берілген микрокредит қаражаты есебінен сатып алынған ұзақ мерзімді активті иеліктен шығарған жағдайда, мұндай бұзу/иеліктен шығару фактісі болған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде МҚҰ-ға хабарлау;
- 4) үлестестік/байланыстылық туындаған күннен бастап 7 (жеті) күннің ішінде өзінің үлестес/байланысты тұлғаларын МҚҰ таныстыру;
- 5) егер тауарларды/жұмыстарды/қызметтерді сатып алудың өзге мерзімі Қарыз алушы контрагентпен жасаған тиісті шартта көзделмесе, микрокредит берілген күннен бастап 6 (алты) ай ішінде оны нысаналы мақсаты бойынша пайдалану.
- 6) микрокредит қаражаты есебінен сатып алынған мүлікті/активтерді үшінші тұлғалардың атына рәсімдемеу, сонымен қатар мемлекеттік меншіктегі жер теліміндегі құрылыс жағдайларын қоспағанда, үшінші тұлғаларға тиесілі жер телімінде объекті салмау.

1) МҚҰ Қарыз алушыларға микрокредитті келесі мақсаттарға беруге құқығы жоқ:

- 1) заңды тұлғалардың жарғылық капиталдарына қатысу;
- 2) Қарыз алушылардың бұрын келтірілген шығындарын өтеу, Қарыз алушылардың жеке және (немесе) заңды тұлғалардан, оның ішінде Қарыз алушылардың қатысушыларынан, акционерлерінен,

лауазымды тұлғаларынан және қызметкерлерінен қаржылық көмек алуына байланысты туындаған берешекті өтеу;

3) тұтынушылық кредит беру;

4) қарыз алушылардың әрекеттегі қарыздарын қайта қаржыландыру;

5) құрылтайшыларға (оның ішінде соңғы Қарыз алушының қатысушыларына, акционерлеріне) дивидендтер төлеу;

6) Қарыз алушылардың шаруашылық қызметінің шығындарын жабу (бұл ретте теріс қаржылық нәтижеге ие қарыз алушыларға микрокредиттер беруге рұқсат етіледі);

7) сенімді өкіл (агенттер) қызметтерін төлеу.

Сенім білдірілген өкіл (агент) тапсырма шарты негізінде кредитордың (сенім білдірушінің) немесе бюджеттік бағдарлама әкімшісінің атынан және есебінен және оның нұсқауларына сәйкес бюджеттік кредит беруге байланысты белгілі бір тапсырмаларды (бюджеттік кредиттерге қызмет көрсету, қарыз алушылармен есеп айырысуды жүргізу, Қарыз алушылар мен Жобаларға мониторинг жүргізу, берешекті және т. б. өндіріп алу) жасайтын тұлға болып табылады;

8) Қарыз алушының микрокредитімен байланысты комиссияларды, алымдарды және (немесе) өзге де төлемдерді төлеу; Көрсетілген комиссиялар микрокредит қаражаты есебінен есептен шығарылған жағдайда, осы сомаға микрокредит қаражатын Соңғы қарыз алушының меншікті қаражатымен өтеуге және нысаналы пайдалану бойынша одан әрі жіберуге жол беріледі, бұл ретте комиссия есептен шығарылған кезден бастап күнтізбелік 30 күн ішінде өтелуге тиіс не сол мерзімде төленген комиссиялардың сомасына микрокредитті мерзімінен бұрын өтеу жүзеге асырылуға тиіс;

9) бағалы қағаздарды сатып алу (портфельдік инвестициялар);

10) үлестес/байланысты компаниялардан/тұлғалардан негізгі құралдарды, активтерді сатып алу; мына жағдайларды қоспағанда:

- үлестес/байланысты тұлғаның құрылыс жөніндегі қызметті жүзеге асыруын растайтын құжат болған жағдайда, жаңа және (немесе) бар объектілерді (ғимараттарды, құрылыстарды және олардың кешендерін, коммуникацияларды) салу (оның ішінде кеңейту, жаңғырту, техникалық қайта жарақтандыру, реконструкциялау, реставрациялау, күрделі жөндеу);

- Қазақстан Республикасының аумағында ресми дистрибьюторлар болып табылатын үлестес/байланысты тұлғалардан тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алу. Бұл ретте осы Келісімнің мақсаттары үшін дистрибьютор өз атынан кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын, Қазақстан Республикасының өзіне бөлінген аумағында белгілі бір тауарларды сатып алуға, жылжытуға, орналастыруды ұйымдастыруға және қайта сатуға айрықша құқықтар берілген, қызметі тиісті дистрибьюторлық шартпен/келісіммен/келісімшартпен расталатын көтерме сауда делдалын білдіреді;

- тауарларды, шикізатты және/немесе материалдарды мұндай тауарды, шикізатты және/немесе материалдарды өндірген үлестес/байланысты тұлғалардан сатып алу.

Бұл ретте көрсетілген жағдайларда үлестес/байланысты тұлға Соңғы қарыз алушыға микрокредит беру туралы шарт бойынша қосалқы қарыз алушы болуға тиіс.

11) жалған және бүркеме мәмілелерді төлеу. Мәміленің жалғандығын немесе бүркемелігін сот шешімі анықтайды;

12) Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің міндетін атқарушының 2010 жылғы 10 ақпандағы №52 бұйрығымен бекітілген «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасы Заңының мақсаттары үшін Офшорлық аймақтар тізбесінде (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6058 болып тіркелген) және/немесе Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 2020 жылғы 24 ақпандағы №8 Қаулысымен бекітілген Банктік және сақтандыру қызметінің, бағалы қағаздар рыногының кәсіби қатысушылары қызметінің және бағалы қағаздар рыногында лицензияланатын басқа да қызмет түрлерінің, акционерлік инвестициялық қорлар және микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйымдар қызметінің мақсаттары үшін Офшорлық аймақтардың тізбесінде (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №20095 болып тіркелген) қарастырылған офшорлық аймақтарда тіркелген/ашылған қарсы агенттердің заңды мекенжайы және/немесе банктік шотының деректемелері туралы ақпарат бар кез келген шарттарды/келісімшарттарды/келісімдерді төлеу.

14.3. Қарыз алушы микрокредит беру туралы шартқа қол қоя отырып және осы арқылы МҚҰ-ға ол туралы ақпаратты кредиттік бюроларға беруге және кредиттік бюродан МҚҰ-ға

және/немесе Қорға кредиттік есепті беруге жазбаша келісім береді. Бұл ақпарат тегін, атын, әкесінің атын (егер бар болса), туған күні мен жерін, тұрғылықты жерін, жеке басын куәландыратын құжаттың нөмірі мен күнін, микрокредит туралы мәліметтерді, Қарыз алушының міндеттемелерін орындауды қамтамасыз ету тәсілдері мен борышының сомасын қамтиды. Қарыз алушының жазбаша келісінде көрсетілген ақпарат кредиттік бюроға айына кемінде бір рет беріледі. Кредиттік есептегі ақпаратты кредиттік бюро МҚҰ және/немесе Қордың сұратуы бойынша береді. МҚҰ және Қор кредиттік бюродан алынған кредиттік есептегі Қарыз алушы туралы ақпараттың құпиялылығына кепілдік береді.

14.4. Қарыз алушы микрокредит беру туралы шартқа қол қоя отырып және осы арқылы Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кіріс комитетіне Қорға салықтық құпия болып табылатын, Қарыз алушының қызметіне қатысты мәліметтерді төмендегілерге сәйкес беруге келісім береді:

- заңды тұлғалар үшін келесі мәліметтер:

түзетулер енгізілген жиынтық жылдық табыс;

сатылған тауарлар (жұмыстар, қызметтер) бойынша шығыстар;

қызметкерлердің есептелген табыстары және жеке тұлғаларға өзге де төлемдер бойынша шығыстар;

шетелдік көздерден алынатын кірістер; таза табыс;

қызметкерлердің (адамдардың) саны;

салық төлемдерінің сомасы (корпоративтік табыс салығы, қосылған құн салығы, әлеуметтік салық, жеке табыс салығы бойынша шығыстарды қоса алғанда).

- жеке кәсіпкерлер үшін келесі мәліметтер:

салық салуға жатпайтын табыстарды және түзетуді ескере отырып, салық кезеңінде жиынтық алынған табыс;

сатылған тауарлар (жұмыстар, қызметтер) бойынша шығыстар; шетелдік көздерден алынатын кірістер;

тартқан шығындарды ескере отырып салық салынатын кіріс; салық салынатын кірістен жеке табыс салығы;

қызметкерлердің есептелген табыстары және жеке тұлғаларға өзге де төлемдер бойынша шығыстар;

қызметкерлер саны/қызметкерлердің орташа тізімдік саны; бір қызметкерге орташа айлық жалақы;

салық төлемдерінің сомасы (корпоративтік табыс салығы, қосылған құн салығы, әлеуметтік салық, жеке табыс салығы бойынша шығыстарды қоса алғанда).

- шаруа қожалықтары үшін келесі мәліметтер:

салық кезеңі үшін есептелген табыстар;

салық кезеңі үшін әлеуметтік аударымдар аударылатын шаруашылық қожалығы басшысының және мүшелерінің табыстары;

салық кезеңі үшін төленген табыстар;

басшыны және кәмелет жасқа толған тұлғаларды қосқанда, шаруашылық қожалық мүшелерінің саны;

шаруашылық қожалық қызметкерлерінің саны;

салық төлемдерінің сомасы (корпоративтік табыс салығы, қосылған құн салығы, әлеуметтік салық, жеке табыс салығы бойынша шығыстарды қоса алғанда);

- Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жеке кәсіпкер ретінде мемлекеттік тіркеусіз кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке тұлғалар үшін

- бірыңғай жиынтық төлемді төлеу туралы ақпарат;

14.5. Қарыз алушы микрокредит беру туралы шартқа қол қоя отырып және осы арқылы МҚҰ-ға Шарт бойынша құқықты (талап етуді) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Қор айқындайтын үшінші тұлғалардың пайдасына, сондай-ақ егер мұндай құқық Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген болса, Қордың пайдасына беруге келісім береді, сонымен қатар аталмыш тұлғаларға коммерциялық және заңмен қорғалатын өзге құпияны құрайтын ақпаратты ұсынуға келісім береді.

14.6. Қарыз алушы микрокредит беру туралы шартқа қол қоя отырып және осы арқылы Микрокредитті алумен, игерумен, Микрокредит беру туралы шарттың аясында Микрокредитті нысаналы мақсаты бойынша пайдаланумен байланысты мәліметтерді, соның ішінде коммерциялық құпияға жататын мәліметтерді Қорға, Қордың Жалғыз акционеріне ұсыну үшін МҚҰ-ға жазбаша келісім береді;

14.7. Қарыз алушы микрокредит беру туралы шартқа қол қоя отырып және осы арқылы жеке тұлғалардың дербес деректерін жинауды және өңдеуді қосқанда, Қордың қарыз алушыға қатысты деректерді жинауына және өңдеуіне, сонымен қатар Қордың Кредиттік желі туралы келісімнің №11 Қосымшасының 1,2 және 3 нысандарына сәйкес қарыз алушы туралы мәліметтерді мүдделі тұлғаларға (Қазақстан Республикасының Үкіметіне, мемлекеттік органдарға және ұйымдарға) беруіне жазбаша келісім береді.

14.8. Қарыз алушы шартқа қол қоя отырып, МҚҰ-ға микрокредит беру құпиясын құрайтын мәліметтерді және басқа да заңмен қорғалатын мәліметтерді, сонымен қатар Бағдарламаға қатысу үшін дербес деректерді Қорға ұсынуына келісім береді.

14.9. **Қор құқылы:**

14.9.1. МҚҰ/қарыз алушының ұйымдастыруымен Жобаны жүзеге асыру орнына барып, Қарыз алушының бағдарлама аясында Микрокредит беру туралы шарт бойынша алынған микрокредиттің нысаналы мақсаты бойынша пайдаланылуына мониторинг жасауға құқылы.

14.9.2. МҚҰ қаржыландыраған қарыз алушыдан микрокредитті мақсатты пайдалану туралы қосымша ақпарат сұрауға құқылы, соның ішінде, қарыз алушы МҚҰ-дан микрокредит алды ма және мұндай микрокредит қандай мақсаттарға берілгені туралы ақпарат.

15. МҚҰ қызметкерлеріне микрокредит беру талаптары

15.1. Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасымен көзделген кез келген негіздер бойынша Қарыз алушы мен МҚҰ арасындағы еңбек қатынастары тоқтатылған жағдайда, осы Шарттың әрекеті Қарыз алушының МҚҰ-дағы соңғы жұмыс күнінен бастап мерзімінен бұрын тоқтатылады.

15.2. Қарыз алушы еңбек шарты тоқтатылған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде МҚҰ-ға негізгі борыш сомасын, Шарттың тоқтатылу күніне есептелген тұрақсыздық айыбын және сыйақыны қосқанда, барлық берешек сомасын мерзімінен бұрын қайтаруға міндетті.

15.3. Еңбек шарты тоқтатылу күніне дейін 10 (он) жұмыс күнінен кешіктірмей, Қарыз алушы МҚҰ-ға еңбек қатынастарын тоқтату күнінен бастап сыйақы мөлшерлемесін өзгерту (ұлғайту) және оны еңбек шартын бұзу күнінде әрекет ететін МҚҰ Тарифтік Комитеттің/ Компания Басқармасының шешімімен бекітілген мөлшерде белгілеу шартында Шартты тоқтатпау туралы өтініш беруге құқылы.

15.4. МҚҰ Қарыз алушымен еңбек қатынастарын тоқтатқаннан кейін Шарттың әрекетін жалғастыруға (тоқтатпауға) келіскен жағдайда, Тараптар Шартқа тиісті қосымша келісімді жасайды (қол қояды).

15.5. МҚҰ Қарыз алушымен еңбек қатынастарын тоқтатқаннан кейін Шарттың әрекетін жалғастырудан ешбір себепсіз және негізсіз бас тартуға құқылы, Қарыз алушымен еңбек шартын тоқтату күніне дейін МҚҰ қол қойған Шартқа қосымша келісімнің болмауы Шартты жалғастырудан МҚҰ бас тартуы болып саналады және Қарыз алушы осы тармақтың 15.2. тармақшасына сәйкес МҚҰ берешек сомасын МҚҰ-ға мерзімінен бұрын қайтаруға міндетті.

16-бап. Өзге талаптар

16.1. МҚҰ Шарт бойынша құқықтарды (талаптарды) үшінші тұлғаға берген жағдайда Шарттың аясында Қарыз алушымен кредитордың өзара қарым-қатынасына Қазақстан Республикасының заңнамасымен қойылатын шектеулер мен талаптар құқықтар (талаптар) берілген үшінші тұлғамен Қарыз алушының қатынасына тарайды, ал Шарт бойынша құқықтарды (талаптарды) сервистік компанияның сенімгерлік басқаруына берген жағдайда, Қазақстан Республикасының заңнамасында кредитордың Шарт шеңберінде Қарыз алушымен өзара қарым-қатынасына қойылатын талаптар мен шектеулер өз күшін Қарыз алушының сервистік компаниямен құқықтық қатынастарына таратады.

16.2. Шартпен және заңнамамен талап етілетін немесе көзделген барлық хабарламалар және басқа хаттар, Шартпен белгіленген тәртіпте басқа мекенжайлар берілмесе, Тараптармен осы Шартта көрсетілген мекенжайларға және деректемелер бойынша жіберілуі тиіс. Тараптармен берілетін барлық хабарламалар екінші Тараппен алынған болып саналады:

- егер олар жеке қолына табыс етілсе – хабардың көшірмесінде немесе телнұсқасында алушы Тарап (кез келген қызметкері) көрсеткен алу күнінде; немесе

- егер пошта немесе курьерлік қызмет арқылы тапсырыс хатпен жіберілсе – пошта ұйымы немесе курьерлік қызмет оны тапсыру туралы хабарлаған күні, оның ішінде көрсетілген мекенжай бойынша тұратын отбасының кәмелетке толған мүшелерінің бірі алса;

- егер электрондық пошта немесе мессенджерлер (WhatsApp/Telegram/Viber және т.б.)

арқылы жіберілетін болса – сервер/бағдарлама/оператор тіркеген хабарламаның жеткізілген күні; немесе егер олар Қарыз алушы көрсеткен телефонның мобильді нөміріне SMS-хабарлама және/немесе push хабарландырулары арқылы жіберілсе – SMS және/немесе push хабарландырулары жіберу күні.

Осы тармақшада көрсетілген кез келген тәсілмен жіберілген барлық хабарландырулар, талаптар, хабарлар және басқа да хабарламалар жазбаша нысанда орындалған және тиісінше жіберілген болып есептеледі.

16.3. Шартқа кез келген келісімдер мен қосымшалар оның ажырамас бөлігін құрайды.

16.4. Осы Шарттың бір бөлігін жарамсыз деп тану олардың басқа бөліктерінің жарамсыз болуына әкеп соқпайды.

16.5. Шарт бойынша туындайтын барлық даулар Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен шешіледі. МҚҰ Шарт бойынша туындаған дау бойынша Қарыз алушының тұрғылықты жері бойынша немесе МҚҰ (филиал) мемлекеттік тіркеу орны бойынша сотқа талап қоюға құқылы және Қарыз алушы өзінің келісімін береді. Шарт бойынша дауды қарау үшін сотты МҚҰ таңдайды.

16.6. **МҚҰ пошталық мекенжайы:** 050004, Алматы қ., Медеу ауданы, Нұрсұлтан Назарбаев даңғылы, 50;

МҚҰ электрондық мекенжайы: info@kmf.kz, МҚҰ интернет-ресурсы: www.kmf.kz.

Әлеуметтік желілердегі ресми парақшалары: <https://www.facebook.com/kmf.official/> және https://www.instagram.com/kmf_kz/.

16.7. Осы редакциядағы Шарт Қарыз алушы Шартқа қосылу туралы Өтінішке қол қойған күні күшіне енеді.

16.8. Шартты және Шартқа қосылу туралы Өтінішті орындау кезінде Тараптар олардың талаптарын және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын басшылыққа алады.